Шешпедім әрбір істі ой, ақылсыз,  
Тұрсада тіреліпак иегіме.  
Арамға аштап құшақ, омір отті,  
Салсада кара таңба «сүйтіме».

Кеп арам салды «жара» оннестей қын,  
Ақ инет, адал арлы жүргегіме.  
Үриақтың келешегін ойлаймын деп,  
Қайтармай кегім кетті керегіне!

Шығам деп, мен қарманым шың басына,  
Тиек қып, оку, өнер, адал еңбек.  
Алысып, арпалысып алпыс өтті,  
Ойласаң қайран шырақ ода сөнбек.

Демеймін алмадым деп ырзығымды,  
Ақтаган жемістерін адал еңбек.  
Ит Арам, көре алмаган, не айтайын  
Жатқан бір домаланған шірік дөңбек.

Өтерсің талай жаксы, орның толмас,  
Артында өшпейтүгін сөз қалдырган.  
Қалмассың арам, пасық, сенде артында,  
Жақсыға тірісінде ор қаздырган.

\*\*\*

Көп нәрсені ойласам жас келгенде,  
Аршып, қазып көп нәрсе білмедім деп.  
Окінемін жастықта Ата-ананың,  
Құлаққа асыл сөзін ілмедім деп.

Деп айтпаймын еш қызық көрмедім деп,  
Арқасында білімнің жақтым шырақ.  
Асыл маржан, асыл тас қайран білім,  
Болған соң өзіме мәңгі тұрақ.

Алғандығың, орнынды осы өмірден,  
Етіп еңбек, біліммен жақсаң шырақ.  
Бар арманым ойласаң шын көңілден,  
Алысқа бара алмадым, эттен бірақ !

\*\*\*

Сүргылт тартып, бет жүзі,  
Сүм арамның тұрғанай.  
Арсыз беті, дүнкіп,  
Тамырын шындық жүлғандай.

Қайрап тісін, жылтырап,  
Тұлқідеги шығар бұландаи.  
Пайдалаи жерде қоймаған,  
Тесіктен отін сұлақдаи.

Жақсыны көрсе іш қайнап,  
Іші мұз бол қатады.  
Жолы болса арамның,  
Аспанға арқан атады.

Арманда өткен жақсылар,  
Торын адам кесе алмай.  
Менде соның бірімін,  
Откен сырғын шеше алмай.

Өмірде талай арамнан,  
Сүрініп кетіп «өлмедім».  
Арқасында ар, ұждан,  
Намысымды бермедім.

Ақылды туган, ұл мен қыз,  
Тіліне ғалым ермесін.  
Атар уын залымның  
Құдай басқа бермесін.

Асыл иныңдық қалықтан,  
Кокке құлаш сөрмесін.  
Өмірге келгеп жақсылар,  
Нақақтан қорлық көрмесін.

\*\*\*

Келер танды,  
Үқпас жаңды жабсаңыз.

Шын нақылды,  
Есті ақылды, айтсаныз.

Кетер лағып  
Кінә тағып амал не?

Ойла десең,  
Бойла десең заман не.

Өзім дейді шештім дейді  
Не дерсің.

«Білем бәрін»  
Өмір зәрін жөн дерсің.

Басында жок,  
Көңілі тоқ болған соң.

Амал нешік  
Күнді кеңтік солған соң.

Ағаш болмас,  
Түбі солмас ормансыз.

Айтқанға сен  
Қорқамын мен қорғансыз.

Қайтты бетім,  
Артқа кеттім амалсыз.

Жөнінді айтсаң,  
Алға тартсаң жамансыз.

Терсөң ойсыз,  
Түзу жолсыз болғаны ай.

Еккен терек  
Неге керек солғанай.

Ертең өзің  
Кетсе көзің не болдың?

Күзгі күндей  
Кеткен шөптей шын солдың.

Айтам жеке  
Болдым әке қимаймын.

Ар күшіне  
Жер үстіне симаймын.

Өмір заңы  
Батар таңы айқын ғой.

Ойла ботам  
Менде қалам айттым ғой.

Кім жүрмейді,  
Кім өлмейді ойлашы.

Атар таңды  
Мендей жанды жоймашы.

Болмас қамыс  
Берме намыс ет еңбек.

Зәрінде өмір  
Кәрінде өмір сол жеңбек.

Асау долы  
Өмір жолы ойнама.

Алмай білім  
Білсөң күнім тойлама.

Сен көнбексің  
Ер еңбексіз жарық жоқ.

Ессе сархесет,  
Ессе түрмессең нарық жок.

Шын тақиңды  
Аласы акынды білгемің.

Жоктан етсеп  
Үйнің кесен оғансын.

Омир нұра  
Ерих жолта жадылтас.

Мен мен әкен  
Кайран жақсатабылтас.

Көтөлди  
Үйнің боры тақиңды

Абсолюттас  
Енгізу айтас Ақында!

\*\*\*

Атар танды  
Жаксы жанды бағала.

Екінші көзді  
Накыл созді сағала.

Ел кадырын  
Ер кадырын біліңіз.

Накыл созді  
Күштіңде іліңіз

Шын тілекті  
Ак жүректі сыйлаңыз.

Нұрлы танды  
Жаксы жанды кимаңыз.

Откелі кон жерге  
Мойын бұрманыз

Күтері коп  
Кедері боп тұрмасыз.

Ер шындықты  
Сыр сандықты ардақта  
Іштің сыры  
Коздің қыры қабақта

Өмір күшін  
Ердің ісін сыйланыз.

Арам жанға  
Бұзық қанға қиманыз.

Шын ойынды  
Ер мойынды бұрыныз.

Әр тәртіпте  
Әділдікте тұрыңыз.

Өмір долы  
Жүрек жолы үткіңыз.

Адал шынға  
Қия шыңға шығыңыз.

Етіл еңбек  
Бомай дөңбек тұрыңыз.

Болып темір  
Қызық өмір құрыңыз.

Откен күнге  
Айтам кімге ойлаши

Болмай керең  
Жүрекке терең бойлаши.

Адал арды  
Жақсы жанды жоқташи.

Атар таңым  
Ойла жаным токташи!

САЛЫН  
Барыс оғанын түсін.

Ал жүректі  
Ал инекті сен үшін.

Жүрме текке  
Барма кекке Асыным

Жаның шырак  
Одан бірақ «жас ұлым»

### “Эпилог”

Жауырын күршіндандық ой қалып,  
Омірде Ержакстаның ой қалып.  
Еңбек омір сөз кайтты көмеген соң,  
ОШ-бап оғыста жоғасы жалғаны.

\*\*\*

Еткелмес аққа, қара тұрса қатар,  
Ағыңғың күн смес пе нұрын шашар.  
Қара бұлт наизағайдай арам қара,  
Дүниандай тарихқа уын шашар.

Демеіз кейбір сөзben көніл ашар,  
Көздессе кейбір сөзім болып нашар.  
Сүм арам, сұқ наизасын кезей келсе,  
Пәледен машаяқтың өзі қашар.

Жақсы сөз, жарым ырыс, пердені ашар,  
Кез болсан Әр жақсыға көніл тосар.  
Арамның тозағына кетсең түсіп  
«Ішілінис, машаяқпен» бірге басар.

Қоспаңым жүргегіме антын арам,  
Болса да тілім-тілім іште «жарам».  
Келгеше алпыс асып бүгінгі күн,  
Шептедім жылан сынды жолын тарам.

Бірде «тан» біде «хан» боп, сайтан шығар,  
Жылаңдай қапылыста тілін сұғар.  
Сенбейі, ермеші де ит арамға,  
Іныңда қап қара қып жерге тығар.

Қалмаңыз Ер жақсыдан сөзімді үқсаң,  
Арман жоқ, болып адам шыңға шықсан.  
Ақ көніл қара жердей шын боларсын,  
Жабысын етек, женге, жаға жыртсан.

Туған ұл, туысқаным, жақсы жолдас,  
Өмірдің Талқысында болған сырлас.  
Еңбек ст, өнер, білім менгеруге,  
Бұл өмір ешкімде де мәнгі тұрмас.

Жақсыдан өзім алыс кетпедім де,  
Алдынан кесе-кесіп өтиедім де.  
Өмірде канша терді төксемдағы,  
Дариға ер шындыққа жетпедім де.

Бірде таң, бірде түн бол өткен өмір,  
Бүтінде «тұлқі» мырза кімге жецил.  
Жүрсендегі ішкенің су, жегенің нан,  
Салманыз арынызға қара теңбіл.

Ойлада баста мимен, құлақты түр,  
Ешкім жоқ, туда біткен ақылды бір,  
Таймасаң ар, үждағынан, олсеніңдегі,  
Болғандай шын боларсың жұмақта «шір»

\*\*\*

Ойланам да толғанам,  
Өмірде қате кеткенді.  
Кейде налып шаршаймын,  
Қайтемін деп өткенді.

Айтпасқа оны болмайды  
Жастықтың өткен кезенін.  
Тоқтата алмас ешкімде,  
Өмірдің аққан «өзенін»

Басқаға емес, өзіме,  
Істедім қате көбірек.  
Көп күш түскен кездерді,  
Айтып, атпай не керек.

Істеген қатем арамға,  
Жастықта ерген кезім-ай.  
Айбермей уын басқаға,  
Зардабын тарттым өзім-ай.

Ол ол ма, аңқылдаң,  
Адамға әлі сенемін.  
Сан жолығып арамға,  
Терді төктім, көнемін.

Сүркүя, арам ін мерез,  
Ішіңе кірер, білмессің.  
Іс түскенде сол бір кез,  
Езу тартып күлмессің.

Жастықта откен қатені,  
Жеткізбей «шыңға» түзеттім.  
Жақсының салған жолдарын,  
Озіме салып із еттім.

Білімді сүйіп өзіме,  
Ала алдым тамшысын.  
Салдырмай тағы өзіме,  
Сындырдым бұрған қамшысын.

Ит арамның қамшысы,  
Жастықтың болған қастығы.  
Білім, онер тамшысы,  
Қорғаган, оның достығы.

Ар, үждан мен білімім,  
Өмірде әр кез қорғады.  
Көре алмаған кей арам,  
Ассамда «алпыс» торлады.

Торлаған мен күшің жок,  
Ар, үжданды женуге.  
Болашақта ісі жок,  
Тілің гана шенеуге.

Озім тұрған биік шын,  
Арқасы білім, еңбектің.  
Енді жолы қосылmas,  
Сен сияқты «Денбектің».

Ар мен ұждан, өмірдің,  
Айнасы ғой ойласаң.  
Арам пасық коңлдің,  
Пайдасы ғой бойласаң.

Қор болмасын ұл мен қыз,  
Торына түсіп, арсыздың.  
Тілінен, көзден сақтасын,  
Кейіні адам «жансыздың».

Айтып-айтпа, өткен іс,  
Кезінде жөнге келген соң.  
Адалдық, барлық, ұлы күш,  
Айтайын, болмас өлген соң!

Ағын сынды өмірдің,  
Кезеңі еді айтқаным.  
Дұрыс болмас ендігі,  
Шегініп артқа қайтқаным.

Аталар айтқан нақылды,  
Тыңдамаған ақылды.  
Келешегі не болар,  
Мен аймын «шақырды».

Алға десен, арт кетер,  
Дұрысты айтып өтілсең.  
Жиырма бестен асқанша,  
Қайда қалдың жетілсең.

Қолдағы бары шашуга,  
Неге дайын тұрасың.  
Мен айтпай саған кім айттар,  
Өмірдің аши туrasын.

Ардактасаң жөн болар,  
Қолдағы бар бақырды.  
Келе ғой тегін берем деп,  
Ойлан кімдер шақырды ?

Алтынның қолда барда қадірі жоқ,  
Деп айтқан ата-баба бұрынғы өткен.  
Қолдан тайып кеткен соң өкіндімай,  
Өкініш тарихтан бізге жеткен.

Бірінші ғылым, өнер игерсең сен,  
Тұрарсың катарың мен жоғары тен.  
Үксатып қолда барды, еңбектеніп,  
Болсайшы етек емес жағаға жең.

Өмірде жеңіл пайда бастың қасы,  
Қор қылып өмірінді «тұн» қылатын.  
Іт еңбек, қолда барды, шашпа текке  
Келешек омірінді күн қылатын.

Ұғынаң қарабасың шыңда тұрар,  
Бакыттың нұрын үстап тұратындарай.  
Үқиасан, амал нешік, келешегің,  
Қокыс қой, таза жерден сырратындарай.

\*\*\*

Ішінде жарып тастап көрсер ме еді,  
Қос қыртыс «өзім» деген кейбір жанды.  
Терісін тірісінде сыпырарма  
Батырган қап-қара қып нұрлы таңды.

Сырынды айтсаң жаны жәй табады,  
Болғандай опа берер туыскандай.  
Қында ту сыртынан ол шабады,  
Еір саған эке күны ауыскандай.

Болмаңыз мәңгі жолдас деседе антым,  
Онасыз, қасиестіз жалған сөзі.  
Күнделік, пайда болса, бар арманы,  
Тоймаган дүниеге оның козі.

Ар, ұждан оған ойын, пайда артық,  
Еңбексіз тапқан пұлды шашуына.  
Бүгінде талтаңдаған осы шартық,  
Құрыдың мінсе егер ашуына.

Амал не көнесің де, шыдайсың да,  
Кеткенше нар тәуекел деген қазақ.  
Алдына келіп қарсы тұрмайсында,  
Тұрса да, күліп, ойнап, артта мазақ.

Аңы тіл, оқыс мінез, ойы тайыз,  
Болған соң «Басекең» сен бір төмен.  
Сыныртып алғаны бар, тағы да оның,  
Қаңғандай көрінеді оған айыз.

«Алтынның» буы оны қоймас мәңгі,  
Еліртпей, есерлетпей айтшы кәне,  
Онсыз да оның тұрған еді «әнгі»  
Деп айттар астым жүрттап тағы және.

Асарсын баста, мида, білім болса,  
Ол білім жолын тауып, шында тұрса.  
Айтайын ер шындықты тілім болса,  
Көрерсің асқандықты құдай ұрса.

Елірме, есерленбе, қалынды біл,  
Мандай тер, асыл еңбек қадірін біл.  
Ортаңда қара сумен, нанды бөліп,  
Есті адам заманында ойнада күл.

Мандай тер, ар, ұжданды ұгады біл,  
Білімнің қиясына шығады біл.  
Қыскаөмір, қандай ізің, қандай өзің,  
Астына қара жердің кіреді біл.

\*\*\*

Арқасындей жотаның,  
Асу-асу бел болса.  
Тату-тәтті өмірде,  
Асқар-асқар ел болса.

Айдын шалқар, көк орай,  
Толықсыған көл болса.  
Үйитқысындей өмірдің,  
Ақыл, есті ер болса.

Неге жаның жай таппас,  
Орнына тұрап пұл болса.  
Арманы жок, еліңнің,  
Қамқор егер Ер болса.

Алтын кездік сақталар,  
Салып қояр қын болса.  
Бұл өмірдің құны сол,  
Адалдықпен шын болса.

Арманға неге жетпеске,  
Білім, өнер, жар болса.  
Неге Еңбек етпеске,  
Депісаулық бар болса.

\*\*\*

Шынызыз  
Құнызыз сөзің-ай.

«Мәлдіреген»  
колігірсінген козің-ай.

Корген кезім,  
Асыл сөзім төзім-ай.

Көрген қастан  
Өткен бастан  
кезім-ай.

Кешкен бәрін,  
Улы зәрін өзім-ай.

Жақсы жанды  
Атар таңды сездім-ай.

Ақ жүректі  
Шыны тілекті, сезді ме?

Әлде надан  
Шыкты қайдан безді ме?

Ерке туған,  
Төзген бұған жүрек-ай.

«Болған көген»  
саған деген тілек-ай.

Неге «бала»  
Ісің шала төзерсің.

Болса жала  
Жанап даала кезерсің.

Ақыл дана,  
Болса сана ойларсың.

Болма керсн,  
Сөзге терең бойларсың.

\*\*\*

Ішім жалын, сыртым жылтыр,  
Бөрі сынды күржиген.  
Кімге айтамын, ненәі айтамын,  
Не болады? Құр жиған.

Қандай жалын, мәнісі не ойлашы,  
Сыртқы көзге бүркіттейін тұрганда.  
Асыл адам, кетпей женіл бойлашы,  
Не түседі, ер шындықты бүрганда.

Шындық асыл, сыйладым да қимадым,  
Талай-талай болған жолдас сырласым.  
Қарсы шығып, мәнгі алдында тұрмадым.  
Тарихты аршып айтқан жырласым.

Ер шындықтың бұлда бір ғой, ашқаны,  
Бұғып іште, шала жалын жатпа деп.  
Сонда кімге кінә, сірә, таққаны?  
Жауып бұрын, қойғаны ғой айтпа деп.

Өз ойындей, көксегенің жеткізбей,  
Шыңға шығып, білім, өнер, тұрмаса.  
Жалын болып, іште жатпай неміне,  
Шам-шырағын, ер еңбектің күрмаса?

Арттағы ұрпак, ақылды боп тұрақты,  
Білім отын етіп, шырақ жакласа.  
Кімге қоям, айтшы маган сұрақты ?  
Көз тоярдай, орнын әлі таппаса?

Өтер, өмір, ізім қалса тұрарлық,  
Шың басында тұратындей жарқырап,  
Із қалдырса, ертең халық сұрарлық,  
Жүре аларлықтай ауыр, жүгін арқалап.

Бұл кезең алғыс асын тұрған кезім,  
Жалғанға кетпей таяз, бойлайтұғын.  
Кез болсын адамына асыл сөзім,  
Үринаққа терсөң әлі ойлайтұғын.

### **Ұлым Бейбітке өсиет**

Ортаға қарайбасты қос,  
Бірлікпен өмір сүрге.  
Табылмас қазыр мәңгі дос,  
Сайран салын жүргуге

Атадан қалған көздерді,  
Шашпа алысқа жақындат.  
Жастықпен өткен кездерді,  
Салып тежеу қарқындат.

Мен болсам, балам ойланшы,  
Жетпіске кеттім аяңдан.  
Жина бәрін бас болып,  
Жүре бермей дайрандан.

Қыныда інің өзіңе  
Болар корған наңандай.  
Анаарың, қарындаң,  
Келер тұған наңандай.

Арасына туыстың  
Сыншапт кірсе дүшпаның.  
Шындыққа сірә жеткенше,  
Жардан тайып ұшқаның.

Жіберме тізгін босатып,  
Болса да туыс еске ұста.  
Көрермін дейтін кез емес,  
Жіберіп қате бұл тұста.

Бірлігін болса ағайын,  
Алынбас қамал, қорғаның.  
Сыйласаң туыс өзінді,  
Үрпақтың орны толғаның.

Берме, ерме, арамға,  
Әкеден бірге көзінді.  
Жекелеп алыш сорлатар,  
Қалсан җалғыз, өзінді.

Інінді жұмса сәмсер қып,  
Арамды шауып берердей.  
Апаңменен, қарындас,  
Бауырым деп келердей.

Өзіңмен тұған туысқан,  
Кетпесін шығып уыстан.  
Іргенді сал алыстан,  
Панасты жоқ «қуыстан».

Өмірдің қын сағатын,  
Бірге туыс боліндер.  
Аспай, саспай, шындыққа,  
Ар, үжданмен келіндер.

Бірің үлкен, бірің жас,  
Қасарсып тұрмандар.  
Әкениң айтқан жан сөзін,  
Дүние үшін бұрмандар.

Бір болсаңда көп болып,  
Дүшпанға тізгін бермендер.  
Қыйсада «алтын» басыңа,  
Соңына оның ермендер.

Бір үзім наң мен қара су,  
Еңбекпен тапсан өлмессің,  
Тіліне ерсең залымның,  
Еш жақсылық көрмессің.

Балапан сынды үяды,  
Өлсен де солай болындар.  
Жүрсендे алыс кияда,  
Ағаның сөзін ұғындар.

Арттағы барлық көзімді,  
Тапсырдым Бейбіт өзіңе.  
Ұмытыя балам, сөзімді,  
Ие бол қалған көзіңе.

Тоңдырма сұық ызгарға,  
Соңынан ерген көздерді.  
Есіңе үста, ақылмен,  
Басындырма «ездерді».

Ариалыста аянба,  
Туысың күйер кез болса.  
Семсер сынды кесіп тұс,  
Арасын ашар сөз болса.

Шамаң келсе бөліп іш,  
Алла берген ырзықты.  
Тірлігінде бөл кетер,  
Туысқа деген қырсықты.

Барлық болса жылтырар,  
Кей «агайын сауықсан».  
Қім болса да, туысты,  
Шыгарма ғалам уыстан.

Жецил болмас озіне,  
Осының бәрін шешуге.  
Амалың бар ма, өмір сол,  
Қөнесің балам тозуге.

\*\*\*

Өттің бе қайран өмір сырғып қана,  
Ер көңіл туған сынды жаңа ғана.  
Еске алып жастығыңды, күрсінгенде,  
Бір мезет бар дүние қалар тына.

Жастығым отті күрес тартыспенен,  
Бірде «күзен» бірде «тұлқі», «қасқырменен».  
Алды артты байқастаумен өмір отті,  
Жүре алмай кейде бір кез жастарменен.

Жармасқан етек, жеңге жыртамын деп,  
Күзеккің көздегені «тамақ» болды.  
Бір жактан «тұлқі», «қасқыр» құртамын деп,  
Көрген күн кейде бірде тұмақ болды.

Қиям деп тамағыңды атылды да,  
Кон «күзен» басы торлан өзі болып.  
Қайтейиң шын жаныма батырды да.  
Орланың шын жиналған көзі болып.

Қыстым мен құлак, шеке тамағынан  
Сілкілең лақтырдым да жар басынан.  
Түлкін, қасқырымен қоса бүктеп,  
Шығардым ер аңының арбасынан.

Шыжғырдым етін сойып, іреп тері,  
Болса да оз «інінде» асқан ірі.  
Ақылға білім, өнер, басын қосып,  
Уынан «зұлымдардың» қалдым тірі.

Тамақтан сан «күзенге» алдырмадым,  
Білімді қосып, ақыл бір басыма  
Япырмай еш жазықсыз, откен күндер,  
Не жаздым, ойла құрбы мен қасыма.

Қалдырдым ши түбінде орын қазып,  
Болған соң басқалардан «күзен» сасық.  
Ер жігіт, есіне ұста, бұқпа жаудан,  
Ер болсын болса жауың, бетің ашық.

\*\*\*

Сырлы маңдай,  
Атқан таңдай жан еді.

Тұрған бойы,  
Ақыл ойы таң еді.

Сондай жанды,  
Атар таңды, кимадым.

Өтті кезең,  
Ағын өзен симадым.

Қара көзі,  
Айтқан сөзі жүректе.

Алма мойын,  
Үстық қойын бөлекте.

Қос анары  
Көз жанары есімде.

Откен күннің  
Айлы түннің кешінде.

Қос өрімді,  
Бұл өмірді сыйлаған.

Атқан таң еді,  
Қандай жаң еді қимаған.

Балын санды  
Сондай жанды құшқаным.

Болдың киік,  
Көкте биік, «үшқаным».

Мөлдіреп көзің,  
Күлін озің түрғаның.

Лиңиң қойын  
Маган мойын бүрғаның.

Құшып сүйіп,  
Жанып қүйіп балқыдым.

Махаббатқа  
Тәң ләззатқа шалқыдым.

Қимас жаным  
Сөнді шамым жанbastай.

Таң еді ғой,  
Жан еді ғой наңbastай.

Асыл алмас,  
Жүзі болмас қынсызда.

Оңсыз омір,  
Кімгे жеңіл құнсызда.

Ер көңілдің  
Бұл өмірдің шыны жок.

Откен қүннің  
Оїла кімнің мұңзы жок !

\*\*\*

Жарық күндей нұрлы өмір,  
Бір күн сөніп батарсың.  
Басқа жаңға кіріп жан,  
Қайыра нұр бол атартсың.

Алыс, жұлыс, күреспен,  
Өткенін омір білмессің.  
Етіп еңбек, қинап жан,  
Кейде ойнап құлмессің.

Тірлігінде, өшпестей,  
Балқисында шалқысын.  
Жеткізем деп, жетем деп,  
Кеме бол бірде толқысың.

Асқан сайын, асам деп,  
Жан аяибай жүлкінын.  
Қозғе бәрі аз болып  
Тыныш таптай бұлқынып.

Ағайын туыс, шет қалып,  
Үздік алға басарсың.  
Білім болса басында,  
Сонда ғана асарсың.

Білімсіз алыс, күресің  
Бок дүние шоқтығы.  
Ақылсыз ердін бір мезет,  
Риза болған тоқтығы.

Білім, өнер, ер сұбек,  
Тарихта өшлиген.  
Алтын, күміс, темірде,  
Өмірдің кілтін шешпеген.

Білім, өнер, ер еңбек,  
Өмірдің кілтін аша алған.  
Өмірдің катал толқынын,  
Сонда ғана баса алған.

Бұл өмірден ойласан,  
Кімдер келіп отлеген.  
Ақылға терен бойласан,  
Шындыққа бірі жетпеген.

Еттесе дары шындыққа,  
Миңуга әрі барғызбас.  
Салың киген «күрсауға»,  
Күрсем тұрар қандай бас ?

Еңбегін талай көре алмай,  
Арманда кеткен кейбір жан.  
Жаксыза тізін бере алмай,  
Етектен аяған нелер «хан».

Олсем орным қара жер,  
Деген Адай атамыз.  
Джаксы, жаман, ойласаң,  
Боріміз сонда жатамыз.

Ер шашынан тұрары,  
Қызынан шын болсан  
Тарихтан зуриға  
Ер жағынан шын болсан

Ер ашынан шарғана,  
Омбрас шындық жаңасын,  
Ар месі үздінде алдында,  
Шарғана адам ақтасын.

Тарихта, шындақты,  
Еттегеңе оимессей.  
Ендерге енде ариналса,  
Олсем шын, оимессей.

\*\*\*

Неніктен екі қыртыс кейбір адам,  
Ойсаны түп негізі шықты қайдан ?  
Кез болсан, тар кезеңде, осыларға,  
Алады жұлдып сені тұрсаңда айдан.

Екі ұрттың бірі майда, бір қанба,  
Яныр-ай, жолықтырма мұндай жанға.  
Ойсеңде, бір сезіне мәңгі наңба,  
Келешек уын шашар атар таңга.

Бет жүзі ұстарадай жылыш-жылыш етер,  
Қай жақтан қырып-сырып түсірем деп.  
Алдында Дөкейнің жылмың қағар,  
Естісе бір ауыз сөз есірем деп.

Бұлт етіп, сылаң қағар тұлқі мүсін,  
Ұстаптай өзі түгіл, құйрығында.  
Тірлікте Ер шындықсыз келмес күшін,  
Өтпеген оған сенің бұйрығың да.

Қайтесің, шалжақтасын тұлқі мырза,  
Болған соң манайында ұлығы кең.  
Тапсыраң наң мен тұзға кетпес алыс,  
Алланың мойын жұлар құрығы кең.

\*\*\*

Бұл кезең, қандай кезең, терең ойдың,  
Тұнжырап өтіп жатқан бұлт сиякты.  
Құртысы жазылмаған тұла бойдың,  
Жабысқан шын болатқа тот сиякты.

Ойға алсаң откен күнді елес сынды,  
Тұмандай өте шығар мұнарланып.  
Асалмас қия шында белес сынды,  
Тұрсан да бара алмайтын құмарланып.

Шыныңмен өткенің бе жастық даурен,  
Келмestей кеткенің бе тастап мені.  
Жастықта жатушы едім, етіп арман,  
Барам деп махаббатқа бастап сені.

Құр емес өткен омір іздері де,  
Аяқта сұрлеу болып жатқан сынды.  
Япырмай көрген түстей таңғажайып,  
Нұрлы таң мұнарланып батқан сынды.

Қимаймын ұлы өмірдің кезін ыстық,  
Айтуға шын көрілік жетті деуге.  
Сұлу қыз, балбыраған құшак ыстық,  
Басыңдан келмestейін кетті деуге.

Дариға арман емей, айтшы маған,  
Келгенін көріліктің сөкті деуге.  
Болаттай жарқылдаған жастық өмір,  
Шыныңмен осы менен отті деуге.

Кім жеткен арманыңа ойла бірак,  
Алмаста омырылған құидығынан.  
Арман жоқ, арттағы үрнақ ишіңса егер,  
Ар, ұждан, ер еңбектің шындығынан.

Ендігі қалған үміт, қалған ізің,  
Өмірден алса жақсы өшпес орын.  
Өмірге кімдер келіп, кімдер кетпес,  
Айтпаушы ем жастығымда мұны бұрын.

Қимастан, бұл өмірді кімдер айтпас,  
Маужырап кешкі күндей бататұғын.  
Жас дәурен жыласанда енді қайтпас,  
Ориныңды ойлай берші жататұғын.

\*\*\*

Сапарда омир,  
Шын көнде қалыптасмей немене.

Адал сиөск  
Шын сенбек рахат емей немене.

Адал арың  
Сүйген жарың таңың емей немене.

Білім өнер,  
Жаста игер жаның емей немене.

Ар мен ұждан,  
Ұл мен қыздан санаң емей немене.

Асыл пұлың  
Ақылды ұлың панаң емей немене.

Асыл сөзің  
Артта көзің өзің емей немене.

Есті үрпақ  
Сөзді үрпақ, көзің емей немене.

Асыл жастық  
Есіл достық арман емей немене.

Өткен күндер,  
Ойла кімдер жалған емей немене.

Алған білім  
Қызыл тілім сапат емей немене.

Болса сүйер,  
Саған күйер қанат емей немене.

Әрбір ғасыр,  
Адам жасар заман емей немене.

Көре алмаған,  
Бөле алмаған жаман емей немене.

Ақылды бала  
Болса дана омір емей немене.

Болатын тұл  
Ақылсыз ұл көңіл емей немене

Шың басында  
Шын қасында тұрсан жалған емсс ие.

Сондай өмір  
Қайран көңіл білсең қалған емес ие.

### **Амал не?**

Ойсыз, мисыз іс «ірі»,  
Не ойлайсын тайзыым?  
Іреп соймай наданды,  
Қанбас менің айызым.

Айтсаң шындық нанбайды,  
Өзі білгіш қорсандар.  
Кеуде керіп талтандар,  
Көп қой әлі жайсандар.

Арам пигыл орны жок,  
Өз-өзінен аспаған.  
Қайран шындық ар- үждан,  
Есігін бірін ашпаған.

Нәле десе үшін тұр,  
Үш есе терең ойлаған,  
Аз табысқа болып мәз,  
Ініп шашып тойлаған.

Келешек не, ойланбас,  
Құнделігі, құлқыны.  
Тартып езу кекшиер,  
Калмас сиқыр жыртыңы.

Амалың не, амал не,  
Ойы таяз болғансон.  
Көріп тұрып аясың,  
Жас «жапырақ» солған соң.

Есті адам, бол қорған  
Тұнсіз керен наданға.  
Жан жағынан тор құрған,  
Жен жұтқызбай арамға.

Қын түсір қанаңың,  
Сүм арамның білсеніз.  
Жақсы болар еді ғой,  
Болып семсер тілсеніз.

Жақсылығың сол болар,  
Болса қамқор ар, ұждан.  
Бес қамқоры Абайдың  
Сұранатын үл, қыздан.

\*\*\*

Терең ой, басында ақыл, қара көзім,  
Көрген соң қалай төзэр арсыздыққа.  
От жалын найзағайдай болса сезім,  
Жібермес кейбір жанды бассыздыққа.

Кес жолын өтірікпен болса өсек.  
Жақсының жайсан жанын каралайтын.  
Арамды келсе колдан қылып есек,  
«Пұл тасып ит арбамен аралайтын».

Бол пана ер жақсыға ашып құшак,  
Тар жолдан мәнгі есінен кетпейтіндей.  
Кес жолын сұмарамның болмай «жұмак»,  
Жағаға арам қолы жетпейтіндей.

Корменіз бұл өмірді отпейтіндей,  
Кәрілік етіп суман жетиейтіндей.  
Есті адам оқы, тоқы, етіп еңбек,  
Артында кейінгі ұрнақ сөкпейтіндей.

Оқу, өнер, ер еңбек, білсөң қорған.  
Сол қорғанды алуға болдым құмар.  
Өз басымен шектелмей, үрнақ білсе,  
сонда ғана көнілім менің тынар.

\*\*\*

Қарай біл, талдайда біл, пайдасын ал,  
Кездесер өмірінде, сандаған «жол».  
Ішінен ақыл, оймен таңдасаныз,  
Жалғызақ оқу, өнер, қамқоры мол.

Мандай тер, төгілседе адап іске,  
Басынды алма шашып, салып құшке.  
Жасында құр өткізбей әр сағатты,  
Япыр-ау, не бітірдім? Алып еске.

Оқу кия құзда тұрған қыын,  
Құрасын еңбегінді, адап тыын.  
Бұркіттей қағып қанат, шыңға шықта,  
Окуды менгеріңіз, қумай «жыны».

Аңдал бас аяғынды жолды қарал,  
Оқыңыз-корболмасын таудай талап.  
Терді төк мандаіыңан, етіп еңбек,  
Тұрғандай туған елің сені қалап.

Қара су, бір үзім нан неткен еңбек,  
Табылса маңдай термен олда жұмак.  
Ары бар, ұжданы бар, есті адамға,  
Өмірдің ұлы жолы қатаң сынақ.

\*\*\*

Қапыда, қапияда кеткең кезің,  
Кез қылған қуралайдыңстай алмай.  
Алысқан арпаалысқан «от» болған соң,  
Досымды жан ашыған қоштай алмай.

«Қылбырау» лақтырғанмен кеткен босқа,  
қас түгіл, құлқі болған ерген досқа.  
Япыр-ай, әлде шыны, әлде, «қыны»  
Досымның жолы бірге әлде басқа?

Құралай кетсең кетші торға түспей,  
Бұрауды лақтырғанмен бауын шешпей.  
Болсада іс жасама, дүшпанға еріп,  
Жөнің жоқ Ерке тоты, мені кешипей.

Кок орай, шалғын қорық, құралайым,  
Секірші емін-еркін қаңын бұраң.  
Бір кезде арман болған, Ерке тоты,  
Жоқсың гой бүгінгі күн салсамда ұран.

Құралай тостағандай екі көзің,  
Еркелеп секең қақан еді кезің.  
Дарига неткен арман, орны толмас,  
Бір кезде жүрек сендік деген сөзің.

### Сұлу қызы

Бұраландап, есінеп, керіп кеуде,  
Не таңдайсың сұлуым басып керден.  
Біле білсең өмірдің қалауы көп,  
әлде көнілің қалдыма кейбір ерден.

Нұрлы өмірдің алуан жолдары көп,  
Оку, өнер, ер еңбек, ар мен ұждан.  
Қолына алып «жандарын» жегідей жеп,  
Үміті бар көп адам, сұлу қыздан

Өзім сұлу болмасам, жапым сұлу,  
Ақыл, ойың бар болса Ерке тоты.  
Секектемей, желікпей ақылға кел,  
Тұрғанында жүректің сөнбей «оты».

Жастық жалын шарпыған от сияқты,  
Сексеуілдің шоғындаі болған ыстық.  
Не десенде өзінді жар қылуға,  
Дүниені ғарып қып алып ұштық.

Артық кетсең жастықта, ойла қалқа,  
Күнә болмас, сол жолда кешпей тұғын.  
Мейлі илан, мейлі күл, жыласанда,  
Торға түстің қыл бұрау шешпей тұғын.

Асыл арман кімде жок, жетер, жетпес,  
Талпынады сондықтан жетемін деп.  
Болдым құмар, құшуга бір өзінді,  
омір жолын өзіңмен өтемін деп.

### Өмір долы

Бірде жалын  
Бірде шок  
Неткен коңіл.

Бірде ыстық  
Бірде суық  
Кімге женіл.

Алып ұшып  
Әлде шошып  
білінер.

Таң атқандай  
Не батқандай  
Көрінер.

Ысын қуйіп  
Ойға түйіп  
Сезінер.

Алыс ойдан  
Кетіп бойдан  
Безінер.

Ұлы күштей  
Көрген түстей  
Елестер.

Дұлей дауыл  
Жолы ауыр  
Белестер.

Жойқын ұнді  
Толқын сынды  
Долыма?

«Аш бөрінің»  
Не серінің  
жолымама.

Петкен ұзақ  
Онде тұзақ  
Ойлашы.

Ор сезімге  
Бұя көзіңе  
Бойланы.

Алғаштапек  
Балығи жүрек  
Несенди.

Аттар таңға  
Сендей жаңға  
Сен дейді.

Нениң қүні  
Оның ісі  
Жөндейді.

Асыл қындық  
Болса шындық  
Көн дейді.

Не кенеттен  
Кім кенелткен  
Еркеңді.

Сезген дейін  
Ұзген дейін  
Желкенді.

Асыл шырақ  
Ойла бірак  
Сабырды.

Айқындашы  
Анықташы  
Дабырды.

Қайран тозім  
Асыл сөзім  
Жетпейме.

Ілмегенге  
Білмегенге  
Кетпейме.

Болған күлкі  
Мұсін «тұлкі»  
Шегі жоқ.

Болсаңда кез  
Ойлада сез  
Тегі жоқ.

Бай болса «өгей»  
Бұрынғы кедей  
Туыстан.

Ұға алмаста  
Шығармаста  
Уыстан.

Айналада  
Бар далада  
Сонықі.

Жерде көкте  
Ұлы бекте  
Онықі.

Өзі ұлық  
Үрген қуық  
Сыздаган.

Көріп оны  
Көңіл долы  
Мұздаған.

Жаман ойдан  
Ондаі байдан  
Сақтасын.

Оркім сенбек  
адал еңек  
ақтасын.

Туар айдан  
Бұрынғы байдан  
Үміттен.

Некесізден  
Жетесізден  
Күдіктен.

Асыл қынға  
Тура шынға  
Жетер жок.

Өмір долы  
Көрмей оны  
Өтер жок.

Аснай шыңға  
Жетпей шыңға  
Тоқтама.

Болмес істі  
Жонсіз күшті  
Жоқтама.

Адал арды  
Жақсы жанды  
Сезерсін.

Болса «сасық»  
Өзі пасық  
Безерсін.

Өмір долы  
Луыр жолы  
Төзгенге.

Ұштым «қекке»  
Кетпес текке  
Сезгенге.

Ыстық өмір  
Қайран көніл  
Айдасың.

Болмас бақсы  
Ерең жақсы  
Кайдасың?

### **Гүлжан Сағынаеваға**

Откен өмір қайталап келмесін де,  
Жүргінді жарапал жүрмесін де.  
Өзің төзген қайғыны ерке Гүлжан,  
Адамзаттың басына бермесін де.

Отті кетті ауыр күн өзіменен,  
Әркім білер көргендер көзіменен.  
Қандай жүрек, қандай бас, тұрсаң ойлап,  
Сол қайғыны көтерген төзімменен.

Әке-шеше, берген кез бауырды да,  
Ет жүргің шыдамай ауырды да.  
Дүлей дауыл, қара түн басында ойнап,  
Жакындаатты өзіне дағдырды да.

Сонда дағы сен төздің ашып майдан,  
Мұндай ауру жоқ еді, шықты қайдан?  
Сұрғылт күнмен, қара түн басқанында,  
Тек көзіңе корінген жалғыз Айман.

Сонда дағы бас имей төзе білдің,  
Келешекті алдағы сезе білдің.  
Аман, Шолпан, үшеулеп қосып тізе,  
Сол кезеңнен ақыл мен беле білдің.

Отті күндер сарғайған, бетін жарық,  
Владимир келген соң болдың карық.  
Сүйгеніңмен қоса ағар деп батасың,  
Екеуіне бүгінде берді халық.

Бұл омірдің тек қана шындыны жон,  
Соған ғана бас иіп, айтқанға кон.  
Тар жол, тайғақ кешуде, болған қорған,  
Владимир жарыңды сила бір сен.

«Кірлемесін» жан Гүлжан сенің «жағаң»  
Іздер үшін қымбатсың асыл бағаң.  
Владимир екеуің бол бақытты,  
Соныңан тиегі мендей Ағаң.

11.10. 2004 ж.

\*\*\*

Ош ауду, алғаштарын боянан кеттес,  
Демек ай сабында мені бірмес  
Алғаштың тағы білес, Әмбәр әуіраң,  
Алғаштағы жерде кімдер кірмес.

Есім жаңыз Алла берме бейнет,  
Қызында, алдыңызда бірден кенет.  
Жалыңың азды болса келеді жүргім,  
Артымда жан Аспаным өссе сұндет.

Омірден аласым көп әлде бүтін,  
Демеймің бар өмірім өтті тегін.  
Бүтанды бергеніне ризамын,  
Қылмайқ пенде шілік Жәке шегін.

Жасында Пайғамбардың келген Аспан,  
Көнілім мұхит сынды менің тасқан.  
Соныңынан жан Сырымының болсаң қорған,  
Болмас еді бақыт құсы мұнан асқан.

Жан Алла ризамын бергеніңе,  
Пенденің шын тілегін көргеніңе.  
Қызығын жан Аспанның корсес Атасы,  
Өкінбес сол күн шіркін өлгеніңе.

Жан Алла, өзің сакта тілмен, сұқтан,  
Әз әзіл адам кейпі содан сактан.  
Етемін Алла алдында тәубашылдық,  
Емес еді пенделік пен айтқан мақтан.

## **Ми**

Тұла бойдың,  
Ақыл ойдың,  
Қамқоры ми.

Ақылдының,  
Дарындының  
Жанқоры ол.

Жан сезімін,  
Тән сезімін  
Сездірген ол.

Рахымсыздан,  
Арсыздықтан  
Бездірген ол.

Ар- үжданға,  
Ұл мен қызға  
Ұсынған ол.

Арамдықтан,  
Қарамдықтан  
Қысылған ол.

Тән жарасын,  
Ар жазасын  
Өлшеген ол.

Тар айдында,  
Ар алдында  
Тершіген ол.

Десен білім,  
Сайра тілім  
Жеткізген ол.

Болса сана,  
Нелер дана  
Өткізген ол.

Ел намысын,  
Ер намысын  
Бермеген ол.

Салык канды,  
Арам жанды  
Тергетен ол.

Тасын қаны,  
Шынын жаны  
Мұздаған ол.

Сондай іске,  
Ессеіз «күшке»  
Сыздаган ол.

Гадылдықты,  
Адалдықты  
Қолдаған ол.

Нұрлы таңды,  
Адал жанды  
Корғаған ол.

Ар ұжданды,  
Ұл мен қыздан  
Сұраған ол.

Келениектій,  
Тіршілікті  
Кұраған ол.

Барна конті,  
Жер мен көкті  
Басқарған ол.

Оку, өнер,  
Сұрайды да  
Жастар дан ол.

Қайран сиды,  
Сондай миды  
Білмегенге не дерсің?

Атар таңға,  
Білген жанға  
Ермегенге не дерсің?

Өнер сәйін,  
Білім дәнін  
Термегенге не дерсің?

Өмір таңын,  
Адам жанын  
Көрмегенге не дерсің?

Асып тасып,  
Көпті басып  
Сермегенге не дерсің?

Ит наданның,  
Көр жаманның  
Өлмегенген не дерсің?

\*\*\*

Қаралап таңды,  
Жарап жанды неткенің.  
Мазалап ойды,  
Мұздатып бойды өткенің.

Болды ма қалыс,  
Бойдағы намыс сөнгенің.  
Едін арыс,  
Болдың «қарыс» көнгениң.

Қия шыңға,  
Асыл мұңға жеткениң.  
Көрінбеді,  
Білінбеді,  
Кеткениң.

Болмай құрыш,  
Өткір қылыш шапассың.  
Болсаң жұмақ,  
Оған құшақ ашпассың.

Шын мұңдықты,  
Ер шыңдықты жатпассың  
Ешбір ойсыз,  
Асыр тойсыз жатпассың.

Есептің шырақ,  
Барлық шырақ жақпассын.  
Газа арды,  
Мендей жанды тапассын.

### **Неткен ғажап**

Серме көңіл келгенде армен намыс,  
Дірілдемей қояндай көріп қамыс.  
Тіршіліктеги игерсең, оқу, онер,  
Торт құбыла, оң мен сол, білсең таныс.

Талаптыға қия, шың болмас алыс,  
Игеруге білімді білсең жарыс.  
Мандай термен қажымай етсең еңбек,  
Бар әлемге белгілі сен бір- Арыс.

Арманың жоқ өмірге етсең жарап,  
Ірге тасын өнердің кетсең қалаи.  
Ала, алсамда тамшысын оқу, онер  
Армансызға өзімді еттім балап.

Неткен ғажап даналар Қаныш, Абай,  
Шың білімсен соққан соң алтын сарай  
Жер мен коктің игеріп көре білген,  
Данарапарды тузырған Қазақ қандай.

\*\*\*

Көрген түстей кей мезгіл  
Келерсің де кетерсің.  
Амалың барма дағдырға,  
Тұбіне көптің жетерсің

Бұландаған түлкідей,  
Қырмызы қызыл көңіл ай.  
Мөлдіреген үккідей,  
Қымбат асыл өмірай.

Бар қызығың таңдайақ,  
Бір күн атып, бататын  
Көрген күнің сандайақ,  
Бүккен қолда жататын.

Күн батқанша ұлгермес,  
Жемісті әркім теруге.  
Неге қысқа, хақым жок,  
Әмірін Алла білуге.

Сондыктан да мәз болма,  
Күнде болған шеруге.  
Болсаң адам еске үста,  
Жемісін еңбек теруге.

Қысқа «таңның» қадырын,  
Оқу менен білуге.  
Асу, белес, адырын,  
Женіп ойнап күлуге.

Болсаң адам ойла бір,  
Шын тәубаға келуге.  
Осы өмірге келгенің,  
Парызынды өтүге.

Шын тәубаға келгенің,  
Құран, Алла дегенің.  
Төлегенің парызды,  
Үл мен қызың көгенің.

Ақтаганың арынды,  
Жақтаганың шындықты.  
Қатар қоймай шойынга,  
Алтын алмас қындықты.

Оқу, өнер, игерсен,  
Қадырын «таңның» білгенің.  
Асу белес адырды,  
Женіп ойнап күлгенің.

Қай адырды білгендей,  
Әмірдің жолын көрмеген.  
Ахиқат, парыз өнеге,  
Не болар мұны білмеген.

Туар , кетер мал сынды,  
Өзіне көңіл бөлмеген.  
Білім , өнер, ер еңбек,  
Білсең осы олмеген.

## **ЫЛ-ГА**

Бонса ойы жайрандан,  
Гартып езу құледі.  
Ырбалаңдап, тайрандан  
Есі қалмай жүреді.

Берсен жақсы ойла сен,  
Қашанға бабын табасың.  
Болмаган соң «бойға тең»,  
Қалай оны жабасың.

Болмаса ойы қорсанғар,  
Қара бұлғттай түнерін.  
Үнемі беріп тұрсанғар,  
Қалғандай болар кенелін.

Неткен ыстық дүние,  
Көздің құртын алатын.  
Сұрағандай несие,  
Әр неге көзді салатын.

Үнемі болмас ойлаған,  
Арада жүрген берімдік.  
Бір күн болмай қалғанда,  
Жау шапқандай бөліндік.

Болмас ойла есті адам,  
Данаада жатқан тегіндік.  
Ескерін ар мен үжданды,  
Таяғда артқа шегіндік.

## **«Байзыл»-ға**

*Қайырғелді Әмірбеков  
жолдасыма*

Болдың жолдас жасынан,  
Жан аяmas Байзылым.  
Бір қорықпай қасынан,  
Өттің, қанды менің айызым.

Не алмадым, міне көз,  
Қолымнан қағып көрмедің.  
Ту байталды, сол бір кез,...  
Нені маған бермедің.

Машиналап дән астық ,  
Өзім түгіл, туысқа.  
Болса дағы шын қастық,  
Түспей кетік уысқа.

Қыын қыстай құндерде,  
Білінбеді бостиғын.  
Берген алған еш емес,  
Асыл еді достығың.

Көре алмады амал не,  
Рас дәмім, атқандар.  
Сол бір кез «бес бұрыш»,  
Ердің басын сатқандар.

Сода дағы ер Байзыл,  
Досыңа сері жегіздің.  
Дұшина менен досыңа,  
Бұлар қалай дегіздін.

Тұқым бидай, қыр асып,  
Машиналап жөнкіген.  
Үстай алмай көп дұшпан,  
Астына сиіп мөнкіген.

Қандай ерлік сол заман,  
Емес еді жан қалар.  
Қылышынан қан тамған,  
Партияныңда таң қалар.

Сүйткен достық ер Байзыл,  
Туыстыққа жалғасты,  
«Бес бұрыштар» қор болды.  
Сындра алмай алмасты.

Берген алған, арада,  
Тек құнделік ойласаң.  
Мұндай достық санаулы,  
Жүрекке терең бойласаң.

## **Өткен күн**

Откен күннің айғағы,  
Наш талынан көп екен.  
Тар жол тайғақ кешуі,  
Алуға еске сеп екен.

Бастауы қының өткенің,  
Әлде «У» - да, әлде «май».  
Бастан отіп кеткенің,  
Қайсы саған күн мен ай.

Бірі ыстық, бірі мұз,  
Күйдіріп, бірді мұздаған.  
Бірі жарда, бірі құз,  
Өмір долы сыздаган.

Сағат тілі сияқты,  
Кетер алға, артқа жоқ.  
Қүнделікті қызығың,  
Бірде жалын, бірде шоқ.

Бірде мұхит толқыған,  
Тасқындаған шын долы.  
Адамзаттың өмірде,  
Бола бермес көп жолы.

Жетер жетпес қияға,  
Созғаимен кокке құлашын.  
Шынымен бүркүт болалмас,  
Қырги менен лашын.

Жарың да жақсы өзіндік,  
Дағдырыл қалай ұгарын.  
Кештеу кейде сезіндік,  
«Дүлей боран» соғарын.

Доста, қаста, жақында,  
Табылған бәрі қасынан.  
Толған «тостар» сіз үшін,  
Кетпеген ішкен асынан.

Бұгінгі бар, ертенді,  
Кімдер сонда ойлаған.  
Өтпес мәңгі деген ой,  
Әр кімге терең бойлаған.

Бірі ацы, бірі тәтті,  
Өмрдін дәмін татқандар.  
Бірі арлы, бірі арсыз,  
Көзінді тірі сатқандар.

Көрген өмір, көрген түс,  
Шошып кейде шығатын.  
Ойла қандай болар күш,  
Сырын оның ұғатын?

Тіріде өзім ойласам,  
Жақсыдан алыс кетпепін.  
Төксемде сыйып мандай тер,  
Алысқа бірак жетпепін.

Жетпегенім өмірден,  
Тамшысын білім ала алдым.  
Ұрпағыма қөнілден,  
Жолын оның сала алдым.

Он мен, он бір диплом,  
Шын қорғаны бола алдым.  
Бар байлығым өмірде,  
Ұрпағыма ала алдым.

Сүйткен Жәкен өмірден,  
Ерек кіндік тосқанды.  
Алпыс үшке келгенде,  
Алла берді Аспанды.

Қондырғандай қуандым,  
Бақ пен, Дәulet тұғырын.  
Тілегім жалғыз Алладан,  
Ұзак қыл деп ғұмырын.

Жас Аспаным артынан,  
Сырымының ерсе екен.  
Сана, дана, басына,  
Жалғыз Алла берсе екен.

Білім, онер, жемісін,  
Ақыл менен терсе екен.  
Сырым менен жан Ботам,  
Шын қызығын көрсе екен.

## **Чарли**

Жас едің домаланған қол басындей,  
Бірақта едің шымыр корғасындей.  
Дауысың ерекше еді «жерді жарап»,  
Шыны мен бөгде түгел қорыққандай.

Ляғың ірге аттаған болды ырыс,  
Болған жоқ, ойлаған ой шын мен бұрыс.  
Болсаңда қол басындей еркес Чарли<sup>1</sup>,  
Ішінде көп итімнің болдың дұрыс.

...Яныр-ау, сен де бүгін егде тартып,  
Мұқалып азу тісің сарғайған ба?  
Бір кездे бұлдіршендей ерке Чарли,  
Шынымен көз алдымда көртайдың ба?

Түсірдің торт отауды қолдан Чарли,  
Қызықтап ортасында елдің Чарли.  
Бір Алла сыйға тартқан Лепанымды,  
Еркелеп босағада көрдің Чарли.

Өзінді еткен «ырым» басында мен,  
Қабылдап босағама тарылмай кең.  
Шынымен есте қалар зор дауысын,  
Ақырған Арыстаның үні мен тең.

## **Сандуғашқа**

Анқылдап баласынды жүрген Санду,  
Еркелеп әр ісіне құлген Санду.  
Жазған соң маңдайына амал нешік,  
Өмірдің аңы дәмін көрген Санду.

Қадырын ата-ананың білген Санду,  
Құлакқа әрбір сезін ілген Санду.  
Әр ісі жан ашымас Ата-Ананың,  
Журегін шын жаралап тілген Санду<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Ол сол сий ырымды итті Айман деген қыз балам көшіп келгенде әкеліп беріп еді. Сол итімді әкеліп берген күні ырымдылығын еске алып жазғай олең.  
<sup>2</sup> Ол ишеше тірі болса да баласына еш қамқоры болмаған жетім қыз еді соған арналған.

Өмірден сыбағасын алған Санду,  
Сондықтан кейде налып солған Санду.  
Ботасын, Аспан менен көріп жақсы,  
Шыны мен біздің үйде калған Санду.

### ТЫНЫШТАҚ

Жаңға жәйлі тыныштық,  
Кімге болсын өтерсің.  
Кейде бір ойдан алыс,  
Жоламай бірде кетерсің.

Ұйқы бөлек, сен бөлек,  
Ойдан алыс қашпаши.  
Дүрсілдеген ет жүрек,  
Жаманға қақпа ашпаши.

Аманшылдық денсауда,  
Қамкоршы бол өзіме.  
Жанжал менен шын дауда,  
Шынды көрсет көзіме.

Ұлан асар көнілдің,  
Қорғаны бол тыныштық.  
Қалған алда өмірдің,  
Жалғасы бол тыныштық.

Тек жақсылық жолдасаң,  
Өзім деймін өзінді.  
Аман болсын шанырак,  
Сала жүр әркез көзінді.

Шамаң келмес тыныштық,  
Әміріне Алланың.  
Досы болып арымның,  
Қорғаны бол жалғаниң.

### Осылай жан Аспаным актаса екен

Дәрігер боп жаңа – тілек барғанымда,  
Жас едім ойды толық аңғармаган.  
Отыз жыл арпалысып ажалменен,  
Жазылмай өз алдымда жан қалмаған.

Көрі, жас, күрбі құрлас, ел Ағасы  
Бірі жоқ еңбегіме қуанбаган.  
Күні, түн тыным аймай жүрсек тағы,  
Жас жайран кетпей бойдан суалманан.

Таннана туанманан тудырған сон,  
Ішінде жас сабығе «Ана болдым».  
Аннанда үміті бар, тілегі бар,  
Жаныңға пыныменен пана болдым.

Еспоир кез омір, ажан, ортасында,  
Жандармен қатар тұрған кездер болды.  
Тек жүрген еттің қалқын «сорпасында»,  
Корсе де көрмегендей ездер болды.

Болған соң, өзім жалғыз басқа елде,  
Күндеген көреалмаған кездер болды.  
Қасқайып қарсы тұрмай бүркен бетін  
Аузынан жамандардың сездер болды.

Еліне туғанындей еттім енбек,  
Есінде көрі, жастың қалатындей.  
Дәрігерлік саласында кетпей қате,  
Үл мен қызы үлгі өнеге алатындей.

Болса да қатты, тәтті, есте қалар,  
Үйқысыз біз өткізген кейбір таңдар.  
Еске алар, мәңгі бірақ ұмыта алмас,  
Өзім мен бірге болған сол бір жандар.

Ақ халат «дак» салмадым мен үстіме мен,  
Сақтадым абырайын жаным мен тең.  
Откізген өз өмірім бірге өзіңменен,  
Ауырып келгендеге болды да кен,

Күн демей, түн де демей ұштық біздер,  
Аурудан хабар жетіп келгенінде.  
Сонда да көреалмаған кейбір адам,  
Еске алар ертең бір кез өлгенінде.

Отыз жыл отті жастық Елім менің,  
Өзіңнің асыл ыстық құшағында.  
Өзім мен бірге өсті бүгінгі күн,  
Балалар туған «Емнің» ошағында.

Бұғінде ескес аламын Жана- тілек,  
Жас өткен Айдос өзен саласы деп.  
Отыз жыл ардақтаған, аялаған,  
Өзімді Айдаболдың баласы деп.

«Дақ » салмай ақ халатқа өткен өмір,  
Кез болар қай атаға үрпағымның.  
Кітантар, трупкамен қалды бәрі,  
Артымда Аспандияр торпағымның.

Аман қып көзден, сұқтан, өмірінде,  
Бір Алла құлынымды сақтаса екен.  
«Дак» салмай ақ халатқа киіп ертен,  
Дәрігер боп жан Аспаным актаса екен.

Бақ қонған, дуга қонған, қыдыр қонған,  
Өмірде жаңа-тілік даласынай.  
Кез болсын жан Аспаным қадыр білер,  
Өскенде Айдаболдың баласынай!

### **Тартынбай оле-өлгениңе жақтадым мен**

Өмірге екі қайтып тусам егер,  
Емерем сүтімен Ана білімді тен.  
Ес біліп менгеруге оку, өнер,  
Төзөрем женер едім жолында мен.

Қадырын білім, өнер, Әліппеден,  
Бастар ем, жаттар едім толаусыз мен.  
Өткениңе осы өмірден тартпай басты,  
Соңынан ерушедім сұраусыз мен.

Арман не, екі қайтып туыу болмас,  
Бас иіп бір Алладан сұраған мен.  
Жас келе оку, өнер, табам деме,  
Еңіреп көздің жасын бұлағанмен.

Бар бақыт білім, өнер қиясында,  
Талпынса ұл менен қызыңында.  
Игерсең сен жемісін білім, өнер ,  
Каланып іргесінде тұрасында.

Сол жолда сан қыындық тартасың сен,  
Есіңнен оле-өлгениңе кетпей тұғын.  
Игерсең білім өнер көзін бірге,  
Тұрарсың шың кияда жетпей тұғын.

Өмірге екі қайтып туғаның сол,  
Артында өшиейтұғын із қалдыраң.  
Ізің сол білім, өнер қайнар көзің,  
Қаныштай қысқа өмірде тез қалдыраң.

Алсамда аз тамшысын білім, өнер,  
Алдында ар ұжданның ақтадым мен.  
Сол жолда еткен әңбек үл мен қызды,  
Тартынбай өле-өлгенше жактадым мен.

\*\*\*

Жастықпенен еліріп,  
Көрсө қызар аптық па.  
Елу беске келгөнше ,  
Сенісер адам тантықпа

*Абай.*

\*\*\*

Қия шыңға көз сүздім, жетемін дес,  
Қай жолменен ойланым айтшы бірак.  
Еңбек жолы білім мен өнер болса,  
Талиныдым да жолына жақтым шырап.

Сонер соңбес шырагым аздау болды,  
Бар келгепі шаманың білсең осы.  
Тар жол тайғақ кешулер көбірек боп,  
Асалмадым қиядан күлсөң осы.

Бас иіп еттім құрмет білімге мен,  
Етекпен суды жалдап өтсем дағы.  
Біракта жете алмадым «іш» мерезгө,  
Тағдырдың сан жұмбагын шешсем дағы.

Япырай петкен дана Абай атам,  
Сол кезде «Іш» мерезге сене алмаған.  
Сондыктан өситет кып айтқан екен,  
Біздерге, сенер досты таба алмаған.

Елу бес бержағы екен, алпыс үште,  
Қалдымға өмір жолы қаралмаған.  
Еш жақсы осы өмірде қарап тұрсам,  
Шындықты женіп мәңгі ала алмаған.

Беті «күн» жүргегі «тұн» іші ылаң,  
Адамнан сақта құлай тұлқі бұлаң.  
Тірлікте алдырмаста, шалдырмаста,  
Қу «тұлқі» көз алдыңда қағып сылаң.

Ошіріп көп шырақты «Тұлқі» мырза,  
Аз қүндік «жарқыраған» таңың атар .  
Ер шыныңқ, арың таза жаның болса,  
Сенсізақ ку «тұлқіні» наның атар.

### **Басқа жолды таппадым**

Жандым, бірақ сөндім мен,  
Шындыққа білсең көндім мен.  
Желкесінен «жыланның»,  
Ай балта мен төндім мен.

Жандырган шырлы лауламай,  
Қалдым жанбай сол бір кез.  
Жамандай істі дауламай,  
Жеттім бүгін төрге тез.

Ысылдаган «жыланның» ,  
Желкесінен шаппадым!  
Артымнан ерген үрпаққа,  
Басқа жолды таппадым.

Мен күйсемде сен күйме,  
Деп шындықты жаппадым.  
Тимесін деп қырсығым,  
Басқа жолды таппадым.

### **Жапалақ пен қара құс**

Жарбаң қағып түн болса, кудың тылпқан,  
Әр бір шидің түбіне көзді сүзіп.  
Қара құспен жапеке қағып сылаң,  
Бүркіт сыйды қарайсың нені сезіп.

Қара құстың мекені ескі қора,  
Ер бүркітке «ұқсаған» олда шора.  
Тырбандатып сендерді ұқсатқан соң,  
Амалын жоқ өмірге болмас шара.

Қайран бүркіт қияда тұр емесне,  
Тұр сипаты білсөніз нұр емесне.  
«Жаналак» пен қара «құс», болғандардың,  
Шын откізген өмірі күр емесне!

## Ой

Ойдан, ой, ойлап тұрсаң жеткізбейді,  
Бірақта тағы сезбей өткізбейді.  
Салынып ой түбіне кетсең егер,  
Кімдердің жасын селдей токкізбейді.

Сондықтан шектен ұста терең ойды,  
Алдыңда «қырбаңдатын» колеңдетпей.  
Әр қашан ұста ақылмен келген ойды,  
Басыңан шын асырын желеңдетпей.

Егіліп еркелетсең шағын түсер ,  
Бағынды аяқ асты қағып түсер.  
Мызғымас ғраниттей болсаң егер,  
Алдыңа Шырағыңды жағып түсер.

Ер жақсы Ойға, басты ие бермес,  
Шын қортын тағы оны түйе бермес.  
Берін жол тағы бостау жіберсөніз,  
Кейінр Ой ұстаганина ие бермес.

Терең ой қосып ақыл арины алсаң,  
Қынан тартып сені алып шығар.  
Не ақыл, не жігерсіз, ой ұстасаң ,  
Өзінді киындықта шалып жығар.

## Сұмелек

Сұмен қағып жүресің сен Сұмелек,  
Емес еді ғой дағдырың елден бөлек.  
Не бітірдің, не білдің, айтшы маған,  
Болғанында осылай жұрттаң «Ерек».

Неге келдің өмірге ойлашы сен,  
Жыртылған соң жағадан етек пен жең.  
Адамсың ғой ойлашы есің болса,  
Бұл өмірдің ашылар жолдары кең.

Сүмендеумен откізген омірінде,  
Нені көрдің , не білдің, бір күн олдің.  
Не тірің , неөліде қорінбеген,  
Бұл омірге аямын пеге келдің.

### **Болып кірпіш қалансаң**

Көрдім жақсы өмірде,  
Алға көзді салғанға.  
Болдым қарсы тоқтаусыз ,  
Артта көптен қалғанға.

Не жетеді өмірде,  
Үлесін өзі алғанға.  
Өзінен өзі көрмеген,  
Риза болмас жалғанға.

Болар бала өмірде ,  
Созып қолын қармайды.  
Асуы қыын жолдардардан,  
Сүрінседе талмайды,

Дегеніне жетпей ол ,  
Алған беттен қайтпайды.  
Көрседе азап сол жолда,  
Қойдым деп мәңгі айтпайды .

Тор құрсада жолына,  
Үзбей оны қоймаған.  
Сусындармай білімге,  
Тамшысына тоймаған.

Болар адам жан жақты,  
Бағалаған, ізденген.  
Арманына асығар,  
Жетемін деп көздеген.

Қолдан келсе аянба,  
Шырағын білім жағуга.  
Өтер, кетер қысқа өмір,  
Болмас текке лағуга.

Храним сен адам,  
Онреден үлес ала алсан.  
Ірсениң омірдің ,  
Боның кириң қалансаң .

### **Әттең ер боп тумаған**

Есіне үста ер қасың,  
Қыныңда қаны қалдырmas.  
Жамандостай табалаң,  
Жүрекке жара салдырmas.

Тар жол тайғақ кешуде,  
Өзінді жауға алдырmas.  
Тар кезеңде «достардың»,  
Қоқысыңда қалдырmas.

Мұндай қасты досым де ,  
Шың киында қимаған.  
Жамандарып қасым де,  
Өз басына симаған.

Ата жолын жаман үл,  
Ұмытарда, қумаған.  
Ерден артық қызы болар,  
Әттен Ер боп тумаған!

### **Жігерлісің бар болса**

Өзінде жоқ жегерді,  
Қолдан жасап алам дер.  
Тұпсіз , ойсыз кей адам,  
Қияға жол салам дер.

Еңбексіз не білімсіз,  
Менде шында тұрам дер.  
Еңбексіз де амал мен,  
Қызық дәурен құрам дер.

Тасқындаған өзенін,  
Сағасын жырып бұрам дер.  
Кездесе жолда дұшпандар ,  
Жаншып езіп қырамдер.

Болмасада басымда,  
Қалтам да бар корықпан.  
Ойнектасам секіріп,  
Еш пәлеге жолықпан.

Қолда барда барлығың,  
Ойдағыдай шешермін.  
Десе біреу несі дең,  
Қызыл тілін кесермін.

Өзімде барда бұл кезен,  
Неге аянып қалмын.  
Тұрсадағы «Күнде» ол,  
Жұлып бері аламын.

Тыңдамаса , тыңдатып ,  
Ляғыма басамын.  
Қылдай мойнын, қылша қыш,  
«Қыл бұрауды » саламын.

Байлығым тұрган сен бір күш,  
Тоқтата алмас «патшада».  
Оқ тигізбес сауыттын,  
Дүшінаным көздең атсада.

Жігердің ойла сен,  
Барлық байлық өзіңде.  
Кіріп барсаң бас иер,  
Кейбіреулер кезінде.

...Кім кемітер бұларды,  
Өмірдің ашқан «тұтқасын».  
Ар сакта, ер шындықпен табысатын .

\*\*\*

Тұңғиық терең ойымды,  
Шығарып сыртқа ашайын.  
Тірлікте пени бітірдім,  
Айтып көңіл басайын.

Оқу, өнер ғылымиң,  
Тамшысын ғана ала алдым.  
Қияда тұрған білімнің  
Шетіне ғана бара алдым.

Арманы не адамнын,  
Тарихқа із салса.  
Айналаға, адамша,  
Ұғатындей көз салса.

Азда болса ала алдым,  
Өнердің абзал бағасын.  
Жәй ғана дәрігер бола алдым,  
Кірлетпей халат жағасын.

От пен өрттің арасын,  
Дүшпан салған көрдім де,  
Адам емес кей иттен,  
Орынсыз айтсам !өлдімде».

Арпалықсан, аңдықсан,  
Арасында жүрдімде,  
Арқасында халықтың,  
Шалқыдым да құлдім де.

Ақ халатты, актай қып,  
Мен кидім де, сүйдім де.  
Арашасы – ажалдың,  
Деген сөзді түйдімде.

Ардақтаған халқынан,  
Оштес ағыс алдында.  
Талай жанды ажалдан,  
Аман алын қалдында.

Ана менен баланың,  
Өмірін өр кез сақтадым.  
Ариалысып ажалмен,  
Міндетімді ақтадым.

Шешікен кезде халатты,  
Иесін таптай жоктадым.  
Ұл кимесе – немере  
Киер деп соған тоқтадым.

Ұл кимесе қыз киді,  
Мұны да құдай бергені.  
Өзімдей кисе – немере  
Пәниден «Жәкең өткені»

Ақ халатты кірлетпей,  
Шынарымдай қыз киді.  
Соның үшін экесі,  
Сол Шынарын шын сүйді.

\*\*\*

Ақыл, сабыр, терең ой,  
Адамына кез келсе.  
Тартынайын мен неге,  
Жөнін айтар сез келсе.

Оқу, өнер, шамшырак,  
Қазып, аршып, алғанға,  
Ойсыз, арсыз сен бір жан,  
Кедергісін жалғанға.

Етектен тартып жақсыны,  
Жабысып өткен арамай.  
Сен кімсің де, жақсы кім,  
К-тенине қарамай.

Жыртсанда етек, жең қалар,  
Жалғасы бол жагамның.  
Тарихқа жол салған,  
Бағасын білші ағаның.

Тіміскелеп, найда ізден,  
Итиш арам жағалар.  
Үмытылмас өмірде,  
Дана туған Ағалар.

Даңқы, аты, ғылымның,  
Әлемге тарағ кетпей ме,  
Қаныш, Шапық, Марғұлан,  
Қазағыма жетпей ме !

\*\*\*

Көз көрдім, құралайдың өзі екен деп,  
Мәлдіреп, төңкеріліп тұнып тұрған.  
«Досымның аяп айтқан» сөзіне еріп,  
Сөндірдім махаббатты бетін бұрған.

«Ер» көрдім өзі шешпейді, басқаға жок,  
тогетін дайын асты тасып тұрған.  
Япырай төс соғысқан досым десем,  
Жан екен арамдықпен пісіп тұрған.

Үркіттім қайран, «марал» ет кешірім,  
Жапанда өз-өзіңмен шошып тұрған.  
Айрылдым қапияда, ұстай алмай,  
Өзінді, өмір маған қосып тұрған.

Сол асыр басқа қорық айдынында,  
Еске алғып жастығынды ерке Марал.  
Тимеймін, жете алмаймын, өзіңе мен,  
Арада болғанинан соң өтпес Арад.

\*\*\*

Қалып ойға,  
Түсіп «торға» өткінші кез.

Көрдің бұрын,  
Кеттің қырын өттіме тез ?

Қарт бурадай,  
Қан сорадай шабынган.

Кезі екен гой,  
Озі екен гой қағынған.

Қара басты  
Шындық қашты амал не ?

Сұйері жоқ,  
Корғаны жоқ қамал не?

Алтын қыпдық,  
Болса шыпдық тамаша.

Тіпті қатты  
«Заны батты» жаңаша.

Арыс етеді,  
Созі өтеді қабанның.

Озі шешпек,  
Піскен пішпек сабанын.

Ой қара,  
Толған жала орт екен.

Іздегені  
Көздегені сот екен...

Кешпесең де  
Шешпесең де ғадылды.

Ер тұрағы  
Шамшырағы жағылды.

Ер кайтпады  
Тұрып алды сөзінде.

«Қанды қылыш»  
Партияның кезінде.

Болды сүмдық,  
Адал шындық  
Ақтады !

Ердің парқы  
Сұйғен халқы жақтады !

\*\*\*

Серме көніл айға арқан ататындай  
Қасында сұлу қыздың жататындай.  
Ассада алпыс үштен жанған жалын,  
Кезі емес мұздай болып қататындай.

Ертерек жарық күнің бататындай,  
Уқалап көрпе жастық жататындай.  
Қасында бұландаған «түлкі» болса,  
Бір оқпен «көзін» дәлдеп ататындай.

Алпысты жиырма беске берме көніл,  
Тіліне кейбіреудің ерме көніл.  
Откенді, өтіп кеткен есіңе ұста  
Жамандай сары уайым терме көніл.

Өмірің әлде қысқа, әлде ұзак,  
Сайрандаپ, жайран қағып серме көніл.  
Қылаңдаған «қызыл түлкі» кездей келсе,  
Олжандағы басқа адамға берме көніл.

\*\*\*

Көрермін алдың тұман, шаң болса да,  
Шығармын қылыштарас шың болса да.  
Өмірде қапияда кеткен қалқа,  
Өзіңдей көрмес едім мың болса да.

Ағармас қалған көніл»хан» болсан да,  
Жарқырап нұрын шашқан таң болсан да.  
Орныңа жан мен тәнін бірдей берген,  
Қойнымда сенен өзге жан болса да.

Сақталмас асыл алмас қындығы жок,  
Жалған сөз неге керек шындығы жок.  
Алысқан, арналысқан уақыт болды,  
Деп айтпа асыл Еркем, жандығы жок.

Тұтқасын бұл өмірдің әркім ұстар,  
Ертең ақ ұшып кетер, бейне құстар.  
Япырай петкен, нәзік жан едің сен,  
Өмірлік кайран көніл болған құштар.

\*\*\*

Жанаң еді соңда бізге шырапқ оиінес,  
Болса үрпақ қыныңдықтан мәңгі безбес.  
Кейбір жас, білімі жоқ , тұкті сезбес  
Қайтеді тарихты, келешекті,

Ескіні жаңаменен білген үрпақ,  
Бетінде тарихтың солар тұрмак.  
Игерсе оқу, өнер игілікке,  
Терістің шын түзетін бетін бұрмак.

Алса егер теріп соның бағаларын,  
Арнасын салған жағаларын.  
Жас үрпақ косса үлес ғылымға деп,  
Ақтар еді сенімдерін ағалардың.

\*\*\*

Ойланам да ойлаймын,  
Жүрекке терең бойлаймын  
Тоймаймын да қоймаймын,  
Бірақта шыныңдық жайлаймын.

Сенемін де женемін  
Болса да қыын женем деп,  
Еркіндікпен келешек,  
Ізгі ісіне сенем деп.

Надандық пен адамдық  
Тұп нұскасын шешем деп,  
Білім өнер олда көнер  
Қыын жолды кешем деп.

Барлық ғұмыр , басым жұмыр  
Жер анадай айналған.  
Есті құрбы барлық іске  
Ақылменен ойланған.

Ер көңілде, бұл өмірде  
Білімменен тойланған.  
Ақылды жас, болаттай тас,  
Жеңбей оны қоймаған.

Тек тарих, бүкіл халық  
Данааларын ұмытпас,  
Сенбей оңай, жеңбей қоймай,  
Ерде бекіп шынықпас.

## Эпилог

Бұл кезең, бұлт басқандай болған кезең,  
«Аурудан» барлық денең «солған» кезең.  
Япрырай аз құндерде, тұрсаң ойлап,  
Қатардан көз жазғандай қалған кезең!

Сол бір жас,  
Ойла бас, қандай еді,  
Арлы жан,  
Нұрлы таң соңдай еді.

Аршын төс,  
Қылыш қас балғын еді.  
Өткен күн,  
Айлы түн қалған еді.

Отті өмір,  
Бұл көңіл айдасың,  
Сол бір жан,  
Нұрлы таң қайдасың?

Балғын сан,  
Шығар жан қысканда,  
Елтіп тән,  
Шықпай жан күшканда.

Қос анар,  
Нұр шашар сорғанда,  
Шықпай жан,  
Атпас таң болғанда.

Шалқыдым,  
Балқыдым,  
Алып нәр  
Елтідім, «бұлақтан».

\*\*\*

Бұралын, сылаң қағып тұрған кезең,  
Сүйгендім деп, майыңды бұрған кезең.  
Янырай отті дәурен деуге маған,  
Тұрады қимағандай қара козің.

Отті дәурен, жан қалқа  
Сүйіп, қүйіп откен күн.  
Махабаттың нәріне,  
Күә болған айлы түн.

Есімде, балқын, сүйіп айтқан созің,  
Маужыраң балғын тартып асыл жүзің.  
Арман не, қайтар ма еді, сүйген қалқа,  
Құшақта елтін жатқан ыстық кезің.

Өтті дәурен, жан қалқа,  
Келмestей бол, бұл жалған  
«Әртке» қүйіп, ортеніп  
Артыңызда біз қалған!

\*\*\*

Сұм тұлкі жортып келсе, қакиан тұрған,  
Ойлайды мұны құрған қай антұрған.  
Ойға қап, тұлкі мырза қалды тұрып,  
Қакианда исі мүмкіп жас ет тұрған.

Ойлайды Арыстанға айтайын деп,  
Жас етті сыйға ұсынып тартайын деп.  
Қақпанға бір іліксе «патшатайым»  
Естиін жан шығардай айқайын деп.

Тұлкі екен келді жортып «хан» ордаға,  
Сыйлығын тарта келді өзі ортаға  
Арысеке, жас етпенен шын суыған,  
Қалайсыз ұртап ішер жас сорпаға.

Арысекен сәлем алып жайран қакты,  
Шынымен мінезімен тұлкі жақты.  
Көргенін жасырмай-ак тұлкі досы,  
«Ханына» өзі жемейсійгатартты.

Япыр-ай, өзің иеге жемедің деп,  
Олжага арыс скеңде жымың қакты.  
Жүрініз тұлкі мырза көрсет маган  
Сенде, мен , тойынармыз ашса бақты.

Деп солай тартып берді екі мырза,  
Жан тұлкім шыныменен болдым ырза.  
Осы жол жолым болса, есің ұста  
Боларсың жан қомекшім тұлкі мырза.

Орманға келіп жетті қақпан тұрган,  
Көрген соң шын қуанды етті тұрган  
Бас салып Ер Арыстан ұмтылғанда,  
Қақпан да екі аяқты басып қалған

Ентелей, жаман шошып ер Арыстан  
Құтқар деп, орында деп бұл бұйрықты.  
Етті алған тұлкі мырза сылаң қағып,  
Желеді бұландағы қыл құйрықты.

Тіліне тұлкімырза ерді Арыстан,  
Қарасын аңшылардың көрді алыстан.  
Жанымнан аяқтарым садақадеп,  
Қақпанға екі аяқты берді арыстан.

Осылай етті алып тұлкі кетті.  
Құмары Арыстаниң түпкес жетті.  
Қор болып қалғаннан соң амалы не  
Тек қана сақтап қалды осы «кекті»

\*\*\*

Ақылдың даңғыл жолын салсам екен,  
Білімді сусын қанар алсам екен.  
Өмірге келгенімे өкінбестей,  
Қаланып іргесіне қалсам екен.

Дариға жастық өмір ерттей лаулап,  
Жас келе қантайды екен ауру қаулап  
Жастықта алып қалшы білім шырын,  
Еткен соң сондай дәурен етпе даулап.

Өмірдің даңғыл жолы білім, өнер  
Ерінбей еңбек етсең олда көнер  
Ойлама бүтінде жоқ ертең аlam,  
Үздіксіз жана бермес шырақ сөнер.

Үмтүлін алғакара откендерге,  
Гылымның жетегіне жеткендерге.  
Артымда келер ұрпақ жалғастырар,  
Дегендей арман қылыш кеткендерге.

Сенде игер ғылым, өнер, жатна текке,  
Кетсөндө қуып өнер шығып шетке.  
Омірде болсаңадам білім игер,  
«Тұлқідай арыстанның кірмей к-се»

Нұр шашсаң жемісінен ғылым, өнер,  
Басына бақ пен дәулет өзі тонер.  
Күн түтіл сағатыңды текке откізбе,  
Нұрлы омір, отер, кетер, бір күн сөнер.

\*\*\*

Өзімді өзім сүйреп өткен өмір,  
Ағайын суық болса кімге женіл  
Тартсамда тілегімді, жүргегімді,  
Ақша қар, қарайғандай болар көңіл.

Мейірім жоқ, ыстық құшак сұығандай,  
Тек саны, тірлігінен панаы жоқ.  
Япыр-ай, алды сексен, арты алпыс,  
Қалайша айта алмаймын сапасы жоқ.

Сұрамам еш нәрседе, берсөндө алмам,  
Өзімдік, сенікі де жетер басқа.  
Болса да ғұл жазира осы заман,  
Келгенше бұл неліктен осы жасқа.

Янырай, бір күн сөніп өтпейміз бе  
Кім жүрген, бұл өмірде, өлместей бол?  
Ешкімге опа бермес осы жалған,  
Тірлікте не көрінді «көрмestей» бол.

Не керек кездескенде бас игенің,  
Танымас жат секілді қол бергенің?  
Маган тек, ыстық мейірім, көңіліңмен  
Кейде бір сағынғанда бір келгенің.

Кештім мен өмір жолын, айдын ашық,  
Алжым мен білім шырын көңіл толса  
Сұрапым туғандардан осы өмірде,  
Құшакқа құшак қосшы өмір болса.

Мейірің сол болады ,сағынғаның  
Бір мезет келіп кетің көңіл бөлсөң.  
Артында қалған үрпақ үлгі алардай,  
Іс жаса ұмтылмастай ертең өлсөң !

\*\*\*

Қонса бақ жапалаққа «бүркіт» болар  
Сары қымыз күтімі жоқ іркіт болар.  
Жаманғабак пен тақты бірдей берсе,  
Ер жақсы түтіп тастар түбіт болар.

Болса да сол жапалақ бүгін «бүркіт»,  
Іле алмас қасқыр, тұлкі, қыран құсан.  
Жаманғабак пен тақты берсендәғи  
Тастамас шашар уын жыланға үқсан

Кия шың, қыран бүркіт тұр емес пе,  
Жақсының иғі сезі нұр емес пе  
Айырма жақсы, жаман білімінде  
Әйтпесе екеуі де «ұл» емес пе

\*\*\*

Жар болсын жалғыз Алла, Ботам<sup>5</sup> саған,  
Жыртылмай жен мен етек аман.  
Жан қалып, аман ессең келгенінде,  
Сый қылып әділетті тартшы маған.

Келгенде алпыс үшке менің жасым,  
Сыйлығы жалғыз Алла, пайғамбардың.  
Сондықтан Бота, Сырым болма карсы,  
Қойындар таңдал атын қалғандардың.

Досым бар, қасым тағы, тугандардан,  
Өмірде еш әділет таба алмаған.  
Көрмestей болса тағы кейбір туыс,  
Алдында ер шындықты жаба алмаған.

Қақ жарып, қара қылды кесім айтсан,  
Адамға өмірінде сол әділет.  
Көрмеген атасының шындықтарын,  
Шешсін деп Алла бүгін бұл Әділет<sup>6</sup>.

<sup>5</sup> Ботағоз келінім перзентханада жатқанда Атасының ариап жазған өлеңі .

<sup>6</sup> Оділет – балага коям деген аты.

Есіңе ал бұл созімді келер үрнақ,  
Бір кезен кездей болса әл кеткендей.  
Омірде алсам дағы өлмегенім,  
Артымда үрнақ қалса Әділстей!

Отіңдер Боташымды бетке қакпай,  
Жағаның қызығы үшін кінә тақпай.  
Омірден өтейін мен де, Әділст ден  
Дос түгіл туғандарға мәнгі жақпай.

Жауабын ер шындықтың бер Әділст,  
Күресін жақсы, жаман кор Өділст.  
Дақ салмайақ халатқа откен Атаң,  
Қадірін сол Атаңың біл, Өділст.

\*\*\*

Бірде жалын, бірде ызғар толықсыған қоніл-ай,  
Бірде бар да, бірде жоқ сырғып өткен өмір- ай.  
Тартыс, қүрес бұл жалған тірлігінде,  
Ойла, бойла айтшы кімге женіл- ай.

Лаулаған ой, жастық шақ, шарниды да қүйдірер,  
Бірде ылан, бірде ыстық құшағында сүйдірер.  
Ақылды туған қыз бен ұл игеріп білім өмірді,  
Тасқынды бөгеп өзіне, дегеніне қондірер.

Ақылсыз туған қыз бен ұл қүйген кеуде, бос қуыс,  
Талтан, талтан, керденде, шырақты жанған сөндірер.  
Ұқпаған нақыл сөзінді ағайын және кей туыс,  
Біздер дұрыс, сен катс, дегеніне қондірер.

Откен өмір бейне тұс, өтер кетер сыландалап,  
Кәрлігінде жастық шақ көрінер көзге қыландалап.  
Кара көздің жанары арпалысад бермен деп,  
Шыбын жанды өзіндік келгенде алған сумандап.

Кеш болады ол кезің алдында шабысып,  
Қап, шіркін- ай дегендей ақылменен табысып.  
Қалар денең жаны жоқ, екі метр бозбенен,  
Кара жерге дос болып мәнгілікке жабысып.

## Жиен-ай

Нағашы деп айтасың,  
Жақсы тұрған кезінде.  
Кейде беттен қайтасың,  
Тұрғанда бәрі озінде.

Кездессе басты бір иіп,  
Білдірмей жылжып өтесің.  
Немесе беттен бір сүйіп,  
Алдаң оны кетесің.

Апам барда жан жиен,  
Осылай алдаң кетесің.  
Көзі тойса аламның,  
Япырай, айтшы не өтесің.

Лайналайын жап жиен,  
Екі жүзді болмашы.  
Арадағы тугандық,  
Көз кетсе де солмашы.

Апа бауыр бір қанин,  
Тарағанын ұмытпа.  
Бақ қонса да кей жанин,  
Берсе де алтын құнықпа.

Шығып кетпе жан жиен,  
Ата қазақ салтынан.  
Нағашылар ұмытпас,  
Бір айнымай қалпынан.

Шыншыл жұртың өмірде,  
тек нағашы еске ұста.  
екі жұртың қоңілде,  
кетер айтып кей тұста.

## Қарындас

Ер жігіттің тар кезен,  
Басылғанда шоқтығы.  
Қанатымен су себер,  
Қарындастың жоктығы.

Тар жол тайғақ кешулер,  
Кімді жарға тіремес.  
Қарындас кімде бар болса,  
Шыбын жанын аяmas.

Ана, бауыр, ағалар,  
Қарындастай егілмес.  
Шыбын жаны шығардай,  
Көзінің жасы төгілмес.

Сейткен қарындас,  
Маган құлай жазбады.  
Менен де басқаөзгелер,  
Армандаған аз ба еді.

\*\*\*

Ыңжық болса туған үл,  
Олмесенде олгенің.  
Умытылар бәрі де,  
Тірлігінде коргенің.

Ақыл айтсан бүртиыш,  
«Өзім білем» демей ме.  
Тұзу тартсан қисайып,  
Жегіздей жанды жемей ме.

Тісте бармақ амал не,  
Шын ақылға конбесе.  
Амалың барма не дейін,  
Ақылға, жөнге сенбессе.

Аяймын да қимаймын,  
Ұлдарды мұндай туатын.  
Өзіме өзім сыймаймын,  
Көргенде жынды куатын.

Жақсы болса туған үл,  
Алмас қылыш қорғаның.  
Білім, өнер игерсе,  
Шың қияда тұрғаның!

\*\*\*

Деп кеткен талай боздақ кайран ел деп,  
Қан тамған қасиетті туған жер деп.  
Жетпесем мей жетиедім кейінгі үрпақ,  
Алтынды жезден бөліп ал да көр деп.

Тер тектім елім үшін дегені жоқ,  
Елі үшін алған беттен қайтқаны жоқ.  
Тұрса да наган тіреп ту сыртынан,  
Ұлдары 37жылдары ел сатқан жоқ.

Кешегі талай боздақ болған құрбан,  
Елі үшін жауға басын игені жоқ.  
Ұлдары басқа жүрттүң келсе де тең,  
Оз елін қазағымдай сүйген де жоқ.

Ақ , қызыл 37 жылдары қара тұндер,  
Басынаи не өтиеді сорлы қазак.  
Қан тамған қылышынан партияға,  
Қасқайып шен қиса да тұрды қазак.

Ар үшін жаным лида деген жолда,  
Намысын бермей жолда өлді қазак.  
Қан мен тер арқасында бүгінгі күн,  
Шырағын тәуелсіздік көрді қазак.

\*\*\*

Қара көздің жанары, күннің нұры емес пе,  
Бет, пішіннің бейнесі адамның сыры емес пе?  
Тарихты білдіріп жалғанда өзіндік,  
Ақындардың өмірде жырлаған жыры емес пе.

Мұхиттайын толқыған көnlім менің демес пе,  
Кездессе құрбы ақылды осы тенің демес пе.  
Ақылды туған ағайын, айтады да көр дейді,  
Бас шығарсан жағадан қалғаны женің демес пе.

Кеспей жолын жақсының сыйла да тында демей ме,  
Оқу, өнер үйренсөң қияда орынің демей ме.  
Жапалақпен қара құс аулары тышқан болғанда,  
Қыран бүркіт қалықтап тұрар шында демей ме.

Арам жапыңың зорлығы жақсының жапын жемей ме,  
Ляқтан шалып көлденең сұрланып қырын түрмай ма.  
Атадан кегім кетті дең қыр соңынан қалмайды,  
Арам торып білдірмей аяғыңа құрмай ма.

Қия шыңға сүм жылан өрмелеп олда шықнай ма,  
Бұркіт жокта сумандап ұяға басып тықпай ма.  
Қайран қыран қияға зуылдан жетіш келсе де,  
Балапаннан айрылса жолда жапын шықнай ма.

Көргені жоқ көрері аз жаман туыс ағайын,  
Алдында дүшпап егесін созінді жерге жықнай ма.  
Ақылды туған ұл мен қызы ақ алмастай жарқ етіп,  
Қыран бұркіт сияқты, қиядан бір- ақ шықпай ма.

Нақыл созім, білсөніз, кісі есіне жетер ме,  
Ар памысты қадырды ойланбастаң білеғін.  
Терең оймен парасат, ақыл, сабыр, ер шындық,  
Ит наданға кез болса ойсыз, ессіз күлетін.

\*\*\*

Жеті атадан бір ата бай болса да , сен байсың,  
Ер көнілің мұхит қой өмірінде тарылmas.  
Жеті атадан ку кедей бай болса да толықсып,  
Көн торсықтан тырысып сезбесе де айрылmas.

Негізі кедей бүгін бай тұрсаң ойлап,  
Бейне жылан ысқырып, айбат шегіп тұрады.  
Тар жол тайғақ кешуде түссе ісің өзіне,  
Кекшиіп бас, өр кеуде зорға мойын бұрады.

Сұрама қарыз, бермейді кешегі кедей, бүгін бай,  
Кеуде көкте, бас қайқы, аяқ талтаң жүргені.  
Жер де көкте сонықі, тіпті ауа жұтатын,  
Жанға батыр, ыржып, сыйылықтап күлгені.

Жалғыз Алла жар болып, күнінді соған салмасын,  
Өтсе де қыын құн мен тұн, айқара сені басатын.  
Батырлық, батыр сол болар,  
Денсаулық, басқа жоқ, наң мен тұздан асатын.

## Қ-ға

Сенде бір каржастың баласы едің,  
Ата тек, үрім- бұтақ қаның бірге.  
Айрылmas бес саусақ саласы едің,  
Болінбес дастарханың босаға ірге.

Жүгірді қара мысық әлде қалай,  
Жау болып шығакелдің ататындаі.  
Япырай қандай пасық, арам едің,  
Бауырды күнің үшін сататұғын.

Арқасы жалғыз алла, оқу, өнер,  
Өзеннің өткел бермес саласымын.  
Анайдың бес баласың білсөң ессіз,  
Кешегі құл, жәлігер баласымын.

Атамыз- Шорман мұса Қаныш еді,  
Танытқан алты алашты әлемге бір.  
Айтқаным өкпе, назбен, намыс еді,  
Дем берген демеушінің к-іне кір.

Жыланды үш кесседе кесірткедей,  
Атаның нақыл айтқан сөзі қандай.  
Соншама не көрінді есірткендей,  
Ақымак, түбің таяз, сорлы маңдай.

Өнердің шет жағасын алған бүгін,  
Тұрармын сенен биік кияда мен.  
Сен түгіл, жете алмаған ата- тегін,  
Жапалақ жалп- жалп еткен ұяда сен.

\*\*\*

Қара құсым жапалақ,  
Бұркіт болам деген күн.  
Жақсы қалып қападақ,  
Шықпай дауыс өшкен үн.

Сұнқар менен лашын,  
Ылай суда қалған кез.  
Көкке керіп құлашын,  
Қанаты бұркіт талған кез.

Қарсақ, тұлқі жиылым,  
Қасқыр болған осы кез.  
Қашатынан қиылыш,  
Торға бүркіт түскен кез.

Ер арыстан мертігіп,  
Апанында қалған кез.  
Арақ, наша еліртіп,  
Қылмыс жолын салған кез.

Бұлдіршіңдей жас қыздың,  
Арсыздыққа барған кез.  
Дәм атасы нан, тұздың,  
Ісін арақ жарған кез.

Нелер сұлу қыздардың,  
Басын доллар алған кез.  
«Кияда тұрған құздардың»,  
Мужілін, құлаң қалған кез.

Ру, таныс, доллардың,  
Хан тағына жеткен кез.  
Талай жақсы ұлдардың,  
Есіктерден откен кез.

Буына доллар піскендер,  
Дүние кілтін шешкендей.  
Арсыз жолға түскендер,  
Жұмақ кешиң кешкендей.

Фарын иенен әлсіздің,  
Шын далада қалғаны.  
Доллар досы болғанын,  
Болып түр ғой жалғаны.

Ары тапталған сұлудың,  
Барынан да жоқтығы.  
Мың есектен жоғары,  
Арғымақтың шоқтығы.

Ана деген атактан,  
Кет аулақ жезөкше.  
Ит пен мысық жорғалап,  
Не көрмеген бұл бөксе.

Доллар құған сұлудан,  
Кемпір артық сексенде.  
Далада қалып сорларсың,  
От пен жалын өшкенде.

Сексендергі кемпірдің,  
Ары таза, намаз бар.  
Жезекшениң коптігі,  
Артып алар «камаз» бар.

Жұмақ болған бір кезде,  
Алты алаштың даласы- ай.  
Негр, қытай таптаған,  
Сорлы қазақ баласы- ай.

Көріп тұрып осыны,  
Бітпес жүрек шарасы- ай.  
Қызың жігіт ойланып,  
Бір мезет артқа қараши- ай.

Қаныш сынды үл тапқан,  
Бұл да қазақ анасы- ай.  
Ары үшін қиған жан,  
Қазагымның данасы- ай.

Ана болар сұлудың,  
Ар, намысы танталмас.  
Бұлай болғың келмесе,  
Ана сүті ақталмас.

\*\*\*

Қара құс, болып бүркіт шыңға шықпас,  
Пышақтың ақ алмастай қынға сұқпас.  
Болса да бүгін адам, негізгі жоқ,  
Кейбір жан адад арлы сөзінді үқпас.

Қай ана тұрсан ойлап бала таппас,  
Шың жақсы алса дағы жала жаппас.  
Салсаң да қап түбіне бізді тығып,  
Күндерде тесіл шықпай ода жатпас.

Қыс түссе өзен болмас, мұз бол катпас,  
Ер жақсы қысылғанда, Ерді сатпас.  
Берсе де қазы, қарта, ықылассыз,  
Ас болып ішінізге сенің батпас.

Шындықтан кетпес алыс, ар мен ұждан,  
Бірінші сұралатын үл мен қыздан.  
Ін қазған мың жапалақ болғаныңша,  
Бүркіт бол, корінетін айдын құздан.

\*\*\*

Жақсының өзі өлсе де, созі қалған,  
Игерген оку, өнер козі қалған.  
Япыр-ай, Алла әмірі, амал нешік,  
Ойасаң жаксы өліп, еzi қалған.

Ешкімге опа берме осы жалған,  
Жете алмай арманына әркім қалған.  
Көрем деп, әлде бірде жетемін деп,  
Жақсының тірлігінде көзі талған.

Әмірдің жалғаны үшін басты сатқан,  
Зардабын бүл шиткітің жақсы татқан.  
Қас емес, досың емес, кей туғанның,  
Ісіне қайран жүрек мұз бол қатқан.

Япыр-ай, ертең олда олмес не екен,  
Алланың әміріне көнбес пе екен.  
Туысқа жалған үшін, кетсе қырын,  
Алдына баласының келмес пе екен.

Ойласаң ар мен ұждан тұр емес пе,  
Жемісі ақыл, сабыр, нұр емес пе.  
Жалғанда «тұлқі болып» сүрген өмір,  
Өткінші жаңбыр, сынды құр емес пе?

Менде жоқ, сенде бар деп тарылмаймын,  
Туыстан артық адам таба алмаймын.  
Бірақ та жалған үшін кеткенінді,  
Алдында ер шындықтың жаба алмаймын.

22.05.2004 ж.

\*\*\*

Арам пасық,  
Ісі сасық құған өсек.

Сатар кетер,  
Тұпке жетер болып төсек.

Болып пана,  
Әзі дана талтаңдар.

Көрсө дөкей,  
Болса өңкей қалтаңдар.

Болса кіші,  
Болмас ісі кекжиер.

Сондай сандар,  
Білген жандар тек жүрер.

Ішіп «асын»  
Қасып басын ісінер.

Дөкей сезін  
Іштей өзін түсінер.

Болып мамық,  
Салып жастық бастыққа

Ашып шампан,  
Тост көтерер «достыққа».

Жұрегіне,  
Тілегіне қосарға

Балқып өзі,  
Беріп қазы асарға.

Сіздікі не,  
Біздікі не алышыз.

Бір көсіліп,  
Шын шешіліп қалышыз.

Жолынды ондар,  
Міне доллар сіздікі.

Болдық сүйеу,  
Болмас басу біздікі...

... деп косеңіз,  
Сіз білсеңіз боскені-ай.

Ұшып Дөкей,  
Жегіш өңкей өшкені-ай.

Қайран доллар,  
Сені қолдар кеттіме.

Іс шегіне,  
Өз түбінے жетті ме?

\*\*\*

Терең ой, ақыл, білім, төзім досың,  
Аса алмас сонда өзіңше жүрген қасың.  
Ар, ұждан, қайрымдылық, етсен еңбек,  
Сол кезде сінгер бойға ішкен асың.

Алыстан қия-шыңды көрсөң биік,  
Секірме шығамын деп болып кесік.  
Арамдар жылан сынды өрмелеген,  
Сыңсада кетіп құлаң ұн боп сүйек,

Қия, шың, аскар таулар мұнарларыған,  
Неліктен «жылан» соған құмарлаңған.  
Тырнақпен қыран «бүркіт» бір қысқанда,  
Басынан айрылмай ма жұмырланған.

Япырмай таң гажайып өмір жолы,  
«Бірде жаз, бірде боран» неткен долы.  
Жыландаш шашып уын, есіне ұста,  
Арамның қия-шыңға жетсе қолы!

Есті адам күресе біл, адалдыққа,  
Жол бермей шашар уын арамдыққа.  
Жіберме, келсе қолдан көр наданды,  
Бұра көр, болсаң адам ғадылдыққа.

Тигізбе шын кесірін адап жанға,  
Келешек нұрын шашар атар танға.  
Қолыннан кетсе келмей, амалың ие,  
Тапсырда отыра бер, тұз бен нанға!

## Эпилог

Сағындым, қайран інім, қайдасың деп,  
Әлде қыр, әлде мүмкін сайдасың деп.  
Жас келс бұл сағыныш неткен астық,  
Ойлама іздел отыр пайдасын деп!

Ауруға жаттым болмай жеңбесін деп,  
Шынымен келмей тағдыр қонбесін деп.  
Келгенде алпыс үшке «Пайғамбардың»,  
Ой еді, ұрпак «іріп» сөнбесін деп!

\*\*\*

Сол арман, жаман туыс «дау жан жалы»,  
Білмедім осы өмірден не таңдары?  
Не ыстық, не сұыққа мейірімі жоқ,  
Бір кезде жүрссе дағы тек жандары.

Япыр-ай, Абай айтқан болдым Оспан,  
Кезінде тобықтының басын қосқан.  
Не аға, не ініден көрмей мейірім,  
Жан болдым, жаяу сынды жолды тосқан.

Талпындым өмірідме татулыққа,  
Кетпе деп жазықсыздан қатусыққа.  
Алыстан сыйласатын жат сияқты,  
Бары сол кез келгенде амандықта.

Япыр-ай, тастан қатты боларлықтай,  
Жапанда жалғыш ағаш соларлықтай.  
Не болды аға, інім, мейіоімің жоқ,  
Барма күн, осы әдettі қоярлықтай?

Менде де, сендерде адаған бақ,  
Кезінже бәрімізде болды да «так».  
Япрай, артың алпыс, алдың сексен,  
Ойлайтын туыстықты біреуің жоқ!

Осымен өтсе де өмір, қоямызба,  
Немесе бұл әдettі жоямызба?  
Тірлікте мұз сияқты көнілменен,  
Астына кара жердің сыйамыз ба?

Бір, бірлес, бір кездерде саламызда,  
Окінің соңда бармак сорамызда.  
Олғен соң «Қайран, Оспан»- деген Абай,  
Шашылған тобықтыдай боламызда!

Арман жоқ, ыстық мейірім, жүрек болса,  
Құшақтар бауырым деп білек болса.  
Япым-ай, қалдым жалғыз Абай сынды,  
Шынымен жүректері бөлек болса!

Арнайын таң нұрындай жақсыға кен,  
Бір өзі қарап тұрсаң аспанға тең.  
Игеріп оқу, өнер, болып қамқор,  
Халқына болып жүрген жаға мен жең!

Сыйладым, қимадым да жақсыны мен,  
Болған соң, ақыл, мінез, өзіме тең.  
Япым-ай, тар жол, тайғақ кешулерде,  
Адамға болатыны жаға мен жең!

Көп болса қайран жақсы өмір гүлдер,  
Өссер еді тәрбиемен ерген «толдер».  
Осынша ақыл айтар келешекке,  
Кей надан осыны айтты, озі кімдер?

\*\*\*

Жарқ етер қара көздің ұшқынындай,  
Өзеннің жарға соғар тосқынындай.  
Кісі еді, жанға жара, ойымда арман,  
Бұл сырды жария қып ашқанындай.

... Жан еді ойы зерек, арманы бір,  
Жайнаған ормандагы ол қызыл гүл.  
Маралдың еркесі еді, мөлдіреген,  
Айтуға, сипаттауға жетпейтін тіл.

... Шамшырақ жарқ етті де сөнді бір кез,  
шарпып бетті, өрттейін өтті тым тез.  
Дарига балдай кезең өтті деуге  
Бүтінде жүргімнен табылmas сөз.

Есімде жаудыраған қара көзің,  
Өлгеше мен сендікпін деген сөзің.  
... Мезгілсіз соққан дауыл толқынында,  
Дарига кете бардың сол бір кезің.

Менде бір, құған арман әркім сынды,  
Қалайша бұзып қоям асыл мұнды.  
Ойласаң бұл тіршілік, құр сияқты,  
Сындырып алғаннан соң ойын қынды!

\*\*\*

Кейде бір, көңіл шіркін толқиды кеп,  
Қайдағы, қайдағысы бойынды жең.  
Ішінен мың ғажайып, алдымазан,  
Ес білер арттағыға айтайды деп.

Жақсы не? – ер шындықты жақтау екен,  
Өлгенше ар, ұжданды сақтау екен.  
Болса да толқын сынды кейде коніл,  
Түбінде қанағатқа тоқтау екен.

Парызын ата-ананың ақтау екен,  
Жөн іске бас көтеру, бұқпау екен.  
Өмірдің тар жол, тайғақ кешуінде,  
Өлсенде Ердің басын сатпау екен.

Досыңа адал ниет, ак дастархан,  
Қысылса көмегінді аяма жан  
Өмірде алтын, күміс артық емес  
(Табылған маңдай термен бір үзім нан)  
Сол артық енбекпенең табылған нан.

Ойлаған толқын ойдың жаманы дерт,  
Апарттың кесірі көп, мезгілсіз өрт.  
Өмірде есте қалар, ұмтылмастай,  
Жақсыға айнымаған берілген серт.

Өмірде толып жатыр, айтарға көп,  
Жамандар қырқүйекте шабылған шөп.  
Кең ашып құшагынды еткін құрмет,  
Ер жақсы ақыл айтса жаңыңа кеп.

Болсаң сен өмірінде ер адамды,  
Шалма сен, адал, арлы шын қадамды.  
Қорлама, зорлама да есіне ұста,  
Ая сен санасы кем шын наданды.

Ляма жыландайын сүм арамды,  
Қызыда кеуде боліп, бас аларды.  
Ля сен, сыйла тағы етіп құрмет,  
Тар жолда төс соғысын дос боларды.

\*\*\*

Білімнің ойлада біл дана жағын,  
Сонда бір жағатының сенің бағың,  
Өмірде ауыз тимей кетпіе балам,  
Озінді сылап тұрын берсе ағын.

Ақ астың иссі бар, киесі бар,  
Тең болған аққа ғана, ұждан мен ар.  
Нақылын ұлкендердің ұқсаң сөзін,  
Өмірде өтесің сен болмайды кор!

\*\*\*

Таң пұры сенікен сәулө жер бетіне,  
Әр нәрсе болған қымбат өз кезінде.  
Тарихтан ғылым, өнер, алып орын,  
Жалғасын, ардақталған жер жүзінде.

Тек ғылым ашар көзін тарихтың,  
Рухани сәні болыр бар халықтың.  
Шырағын бар әлемге жарқыратын,  
Көргө бізге жазған сол жарықтың.

Ашылған ғылымменен тарих сыры,  
Кетседе сан миллион оның жылы.  
Халқына тарихты берген ашып,  
Тек қана ғылым қуған қызбен ұлы.

Не өшпес, өтсе ғасыр, тек тарих,  
Үрпакқа болып мұра қалған әр кез.  
Атағын Отанының шығаратын,  
Тағы дағылым қуған ұлменен қыз.

Езгіден шын құтылдық бүтін казак,  
Орыстың құлдығында болған мазақ.  
Үл мен қыз ақылы бар, білімі бар,  
Сөндірмей тарихты жалға ұзак.

Тарих өткені бар, келері бар,  
Үрпакқа сүт беретін анасындаі.  
Фылыммен із қалдыруға, өшпестей ғып,  
Үл мен қыз болар оның панасындаі.

Жаңар еді сонда қазақ шырақ өшпес,  
Өмірдің талқысына жақсы төзбек.  
Қайтеді тарихты, келешекті,  
Кейбір жол, білімі жоқ, тұкті сезбес?

\*\*\*

Ақыл, сабыр, парасат, бойына бітер жақсының,  
Өле-өлгенине өзгермес, кім болсада өмірде.  
Өсек -отірік, кекшілдік, ісі болар бақсының,  
Өзгермес те, жүрер де, пасық, надан коңилде.

Жақсы адамның жаны жай қорғасындаі балқыған,  
Іс түссе де басына өзін-озі тежеген.  
Ісік кеуде, өзіндік «дариядай шалқыған»,  
Арам пенде, адалға сүм қанжарын кезеген.

Үл мен қызын жақсының жалғыз Алла сақтасын,  
Келешекте халқына, шын камқоры тиетін.  
Қандай жағдай болса да, кезіктірме арамға,  
Бұлталандап, бұлданып, өз арамы сүйетін.

Көрмесемде, көрсемде, ер жақсыны сыйладым,  
Тұзу жолдан өмірде, өз бетімді бүрмадым.  
Егесе де, жықса да, шетке теуіп кетседе,  
Наданға қармақ күрмадым!

\*\*\*

Япырай, бүгінгі күн қандай болды,  
Күн мен түн, санайтұғын сандай болды.  
Келгенде 63-ке, пайғамбар жас,  
Көрерім алда қандай мандай болды?

Үйқысыз өткен тұндер жанға батты,  
Оянаң жоғалтқандай кейбір затты,  
Алғаным ес білгелі еді алғыс,  
Жасаған неге болдың маған қатты?

Кейде бір жан киналып, ойға батам,  
Басымнан откен өмір еске түсіп,  
Корем дең ойлап па едім, бұл бейнетті,  
Жасында Пайғамбардың ішті кесіп?

Бұл омір тұрсаң ойлап құрес екен,  
Өтетін қиын-қиын белес екен.  
Жарық еткен наизагардай жастық өмір,  
Жас келе бұлаңдаған елес екен!

Қажысам ауруды ойлан ойда болмас,  
Жұмыр бас, Алла әмірі қайды қалмас.  
Конесін, конбесеңде, амал нешік,  
Барлық жан, қалқып, толқып айда тұрмас.

Қорықпан ажалды ойлап жұмыр басқа,  
Біттім деп айта алмаймын тілім тасқа.  
Жақсы еді, болып қорған тұра тұрсам,  
Сырымбет, Ботакөздей екі жасқа.

Немерем қойған атты Аспан еді,  
Уайым қуанғаннан қашқан еді,  
Алладан үл болса деп немерені,  
Ер Жәкен, сұрай-сұрай тосқан еді.

Тілекті жалғыз Алла берді маган,  
Сонынан Аспандияр ерді маган.  
Көргенде 63-те ереккіндік,  
Корінер кеңейгендей өріс жаған.

Өмірде қуаныштың шегі болмас,  
Жаманның жеті атадан тегі болмас.  
Адамның осы өмірге келгенниен соң,  
Көтермес ауыр-жөніл жүгі болмас.

Төземін бұл бейнетке амал нешік,  
Артымда Аспандияр алтын бесік.  
Арманым осы өмірде болмас еді,  
Болса егер аман-есен босаға есік.

Жан Аспан, атаң дәрігер болшы сондай,  
Ажалмен арпалысып тұршы сондай.  
Дертіне аурулардың, шипа жасап,  
Ажалдың бетін әрі бұршы сондай.

Атаңдай ақ халатты киші ботам,  
Сол жолда қындыққа төзші ботам.  
Бақ берсес, тақ берседе, жалғыз Алла,  
Арқасы адал еңбек сезші ботам.

Арамды семсер сынды жалын бөгеп,  
Жеткізбей адалдыққа тілші ботам.  
Дақ салмай ақ халатқа өткен Атан,  
Қадырын сол атаңың білші ботам!

Жақсы жан күн нұрындай деген қазақ,  
Өмірі әлде ұзак, әлде азақ.  
Қалмаған, қыр сонынан арам жандар,  
Тұрса да арттарында күлкі мазақ!

Жақсының жайсан жанын күйдіремдер,  
Алдыма қайран басын идіремдер.  
Болса да қыран Бүркіт – қынп катан,  
Жүндеген жапалақтай қондірем дер.

Жоқ арам, жағасына қолың жетпес,  
Көрсе де корлық сенен, Елден кетпес.  
Өтсе де талай-талай, өмір жолы,  
Істеген арамдығың естен кетпес!

Жақсы жан кең жазира дала сынды,  
Алдында үлкен-кіші бала сынды.  
Арам жан, сен бір шалшық исі шыгар,  
Ер жақсы айдын мұхит сала сынды.

Жақсы жан шын қында, ерді сатпас,  
Қан тамған қасиетті жерін сатпас.  
Жазықсыз, арам жандар, жара салса,  
Шіркін-ай, ер жанына неге батпас?

Бастада шын жанына батты демес,  
Арам жан қапияда атты демес.  
Надандай шабаланбай, іштен тынын,  
Жерімді осал арам тапты демес.

Тек қана нұрын шашқан бейне пішін,  
Білдірмес, өткен өмір өткелдерін.  
Қажымас, қайраттанған неткен мұсін,  
Кім білген, кейде жасын төккендерін?

Кім жеткен арманына тұрсаң ойлан,  
Кетігін дүниесің тұрсанда үстап.  
Онасыз дүниесе кетіп, естіп,  
Тұрмайық арам жынды, ессіз қоштап.

Қимайық, ардактайық, есті жаңды,  
Ойлайық, ертең сөнөр нұрлы танды.  
Алдында жалғыз Алла етіп құрмет,  
Сыйлайық, адад еңбек, тұзбен наңды.

\*\*\*

Өткен уақыт қайтпайды,  
Алдағы сырны айтпайды.  
Жастықта кеткен қателер,  
Жемей жанды жатпайды.

Өтпес деп ойлап жастықты,  
Айға арқанды лақтырдық.  
Махаббат, асыл достықты,  
Өзгеден бұрын жақтырдық.

Сұлу қызбен, келіншек,  
Сара тұрғын болды.  
Буына елтіп ғашықтық,  
Шығар шықпас хал болды.

Қос анары сұлудың,  
Тірер кеуде өр болды.  
Жан мен тәні арудың,  
Шығар, шықпас бір болды.

Қос анар мен сүйрік тіл,  
Жан балқытар шын болды.  
Балғын сан мен қыпша бел,  
Шыға алмайтын ар болды.

Таңдаған нәпсі, сүйген Ер,  
Алдында кемпірдің қор болды.  
Балғына жүзі сұлудың,  
Болды елес осы кез.

Қос анары арудың,  
Болмас та, болмас ішің сез.  
Ыстық сұлу, құшатын,  
Енді қайтып қыспассын.

Сұлу қызбен аруды,  
Мәңгілікке қүшіссин.  
Отті дәурен басымнан,  
Деуге тағы кимассын.

Балғын жас бол, өмірге,  
Енді қайта тумассын.  
Опасы жок, бұл жалған,  
Басында әркім тұрмассын.

Жастық өтіп, кәрілік,  
Басынды қалай, бұрмассын?  
Қартаймас көңіл жалғанай,  
Бұрынғы жастық тұрғандай.

Шыны менен бұл дәурен,  
Басынды артқа бұргандай.  
Тұған елмен сұлулар  
Ұмтылар іс емес.

Көзден ұшқан арулар,  
Ойлап тұрсаң түс емес!  
Алпыс ұшке келсемде,  
Әлі де болса кеш емес.

Өзім өткен жастығым,  
Ойлап тұрсам еш емес.  
Жастық жалып от екен,  
Білмей өткен күйгенді.  
Тең болсада төрт тұлік,  
Ұмытпассын сүйгенді .

## Жылпос - арам-ай

Сыртың жылмаң, ішің кір,  
Тұлқі бұлан арам-ай.  
Болғандай сың өзің пір,  
Күнің түспей, қарамай.

Анғал адам, сенеді,  
Жан болмас деп өзіндей.  
Көрінерсің, сыландаң  
Жан ашыры көзіндей.

Жанды ныда сендік деп,  
Кірерсің ішке жылмындал.  
Не айтсаңда кондік деп,  
Бас иерсің қылмындал.

Ішке кіріп сенімге,  
Сырын жаксы білерсің.  
Байлан басын «өлімге»  
Сықылықтан күлерсің!

Күндерде күн бак тайса,  
Кетерсің безіп жанына.  
Сызып тастар, сол күні,  
Достарының санына.

Қайран аңқау жаксылар,  
Қап ұрасын артынан.  
Ұмытылар наң мен тұз,  
Бөліп берген ұртынан.

Аңқау жақсы, еске ұста,  
Арам тілін алмаңдар.  
Тар жол тайғақ, кей тұста,  
Қапияда қалмандар.

## К-ге

Із суытпай келетін,  
Кетті қайда туысқан.  
Қадірінді билетін,  
Жат болды ма туысқан.

Күн де түнде өтеді,  
Ойлан тұрсаң осы кез.  
Ортамызда жүрсінші,  
Ойлан тағы, шешіп тез!

Орта жастан асқан шак,  
Толғандырмай қоймайды.  
Басында бақ, аста так,  
Туысындей болмайды.

Бұгінгі күн, ертең жоқ,  
Өтеді де кетеді, қайтпайды.  
Алпыс үште ер Жәкен,  
Енді саған айтпайды.

Опасыз жалған осы кез,  
Øр нәрсениң ауыры- ай!  
Жаман жақсы болса да,  
Øртеген ішті бауыр-ай!

\*\*\*

*Күап құдамның  
алпысқа келген мерекелі тойына*

Ағайын туыс дос- жаран,  
Тойға келген бүгінде.  
Тойлайық та жырлайық,  
Сары арқаның көгінде!

Тілейік біз ак ниет,  
Ақша қардай көнілден.  
Той иесі Күанға,  
Алпыс жастық өмірден.

Қайырлы болсын Қуанжан,  
Алпысқа келген қызығың.  
Тоқсан үшке бұлардай,  
Сенің де жетсін сыйығың.

Әкең тіккен ордаңды,  
Ертіп үрниң кеңейтсін.  
Жетіспеген кемтігің,  
Катарыңмен теңілтін.

Оқып білім жастайын,  
Өмірден алдың үлесті.  
Өзіңнен алып тәрбие,  
Соңыңнан еріп үл өсті.

Игеріп оку, білімді,  
Есейдің енбек жасыннан.  
Шыдадың да төздің сен,  
Өтсе де қын басыннан.

Қарсы тұрып қыынға,  
Істедің енбек аянбай.  
Бүгінгі күн ағасың,  
Озің туған Баянға.

Рауиан, Қуан бас болып,  
Үлгі бердің жастарға.  
Жас та болсаң бас болдың,  
Қатар жүрген достарға.

Откіздің тағы басынан,  
«Ақ пен қызыл жорығын».  
Қиянатпен бөліспей,  
Халқыңың мұлігін.

Халқын қорғап сен жендін,  
Абырой беріп басыңа.  
Алғыс алдың әрқашан,  
Келгенине осы жасыңа.

Алғыс алдың әрқашан,  
Жас пен кәрі үлкеннен.  
Сүйеу көрдің өмірде,  
Сүйген жарың Рекенмен.

Парасат, әзіл жарасар,  
Кен ңейілді жандарға.  
Әркім құмар тірліктे,  
Өмірдің жолын таңдауға.

Тізе қосып екеуің,  
Үлесін өмір алдындар.  
Ұялмастай ұрпакқа,  
Ізгі жолды салдындар.

Басқардың Қуан еліңде  
Жас болсаң да сен көпші.  
Өзіңден озып бұл қүнде  
Игерген білім ұл өсті

Ербол, Марат, Рұстемің  
Болсын ағаң Қаныштай!  
Бұқар, Шорман, Мұсадай  
Жібермеген намысты-ай!

Мақтан етсең көп емес  
Ақ келіндей жерінді  
Баян аулы, Жасыбай  
Ақбай таудай белінді

Қаныш туған ак келін,  
Сенің де оскен жерің ғой.  
Бұқар, Шорман, Мұсалар  
Арқа сүйер белің ғой.

Ұрпағың өссін солардай  
Ақ келіндей жеріңен.  
Немере сүй Қаныштай  
Шорман, Мұса елінен.

Ұстаздық етті Раушан  
Мындаған бала түлекке  
Мұндай ұстаз балага  
Анасынан бөлек пе?!

Жақсы, жаман өмірдің  
Білген әр кез бағасын  
Құттықтаған өзінді,  
Жағалтайдай нағашың!

01.08.2004 ж.

### Қуанышқа

*Тойға берген батам*

Жалғыз Алла жар болып,  
Бақыт берсін басыңа.  
Бақыт, дәulet егіз боп,  
Ырзық берсін асыңа.

Ар мен үждан қасиет,  
Кетпесін мәңгі басыңнан.  
Тар жол, тайқақ кешуде,  
Табылсын жақсы қасыңнан.

Артыңан ерген ұрпағың,  
Намысын жатқа бермесін.  
Өмірдің қатал сиында,  
Тірлікте бейнет көрмесін.

Дәulet кұсы басыңнан,  
Ұшып, сірә, кетпесін.  
Көре алмаған дүшпаниң,  
Жағаға колы жетпесін.

Сыйлан откен ұл мен кыз,  
Алдыңған кесіп өтпесін.  
Дәм атасы наң мен тұз,  
Дастарқаннан кетпесін.

Абырой, атақ, ұжданың,  
Жақсыдан азға көнбесін.  
Ұрпағың өсіп, жетіп ер,  
Шырағың мәңгі сөнбесін.

## Жоқтау

*Әкесіне арнап  
Нұргулдің жоқтауы*

Жан әкем, қайран әкем кеттің бүтін.  
Жалғаннан, пәни аттап жеттің бүтін.  
Айтайын, өмірінді, қайран әке,  
Алдында көпшіліктің, зарлап бүтін.

Он бесте трактор мен соқа мініш,  
Еліңе болсаң да жас еттің еңбек.  
Жиырманда мұғалім боп бас котеріп,  
Әпердің ата- анаға еркін тендік.

Жиырма мен қырық жастың арасында,  
Өсірдің үш партия ұрпағынды.  
Жауыңа арыстандай айбатты боп,  
Бермендің намыс түгіл ұрпағынды.

Өмірдің тар жол, тайғақ кешуінде,  
Болсаңда отыз жаста бастай болдың.  
Ақыл, ой, қайсар мінез арқасында,  
Дүшпанға атылатын оқтай болдың.

Шешпеген шаруа өтпелі өз басымнан,  
Сүрінбей өте білдің дос, қасынан.  
Тура жол, қайсар мінез арқасында,  
Елінде көзге түстің сен жасынан.

Досына пана болдың қорғандайын,  
Қасқайып дүшпаныңа тұрғандайын.  
Құлдардан шықты, кәне, айтындарини,  
Қай ұлың осы әкемдей болғандарын?!?

Жақсының жоң сөзіне тоқтай білдің,  
Жарлыны жетім жесір жоқтай көрдің.  
Қисынсыз қарсы келген дұшпаныңды,  
Астыңда жастық сынды жастай білдің.

Ойсызға ойды қосып, қоштай білдің.  
Жақсыны қадір білген достай көрдің.  
Егескен, көре алмаған дұшпандары,  
Әкемді жанып түрган шоқтай көрдің.

Осылай жаксы жанды сүйіндірді,  
Дұшпанды көре алмаған күйіндірді.  
Нағашым баста биге тартқан-әкем,  
Қалғанын қойдым жауып жиендерді

Балта би, нағашымдай кесім айтты,  
Қараны актан бұрын шешіп айтты.  
Қарамай бет жүзіне дос пен дұшпан,  
Әділдік қарсы тұрып кесіп айтты.

Қош есен қайран әкем, балғын әкем.  
Жақсының жүргінде қалған әкем.  
Өмірде ел намысын, ер намысын,  
Дұшпаннан жұлып, тартып алған әкем.

Тусаң да рұлы елдін Құлдың ұлы,  
Шаруаның жанұясы ортасында.  
Арпалыс, кері кету кезеңінде,  
Тірінде болдың бірақ елдің ұлы.

Дұшпанға найзагадай болған әкем.  
Жақсыға гүл- жазира қорған әкем.  
Өлсөң де өлмегенің осы болар,  
Алдыңда ұлы тұлға тұрған әкем.

Аларың алла алдында жұмақ болсын.  
Адал жан мәңгі сонда тұрмак болсын.  
Жауына жолбарыстай, досқа қорған.  
Артында дәл өзіндей ұрипак болсын.

## **Құдам Мараттың отыз жасқа толған күніне**

Маратжан, бүгін отыз, ертең сексен,  
Зымырапт уақыт өтер, сағат сынды.  
Жастықта босқа еткізген кейбір күндер,  
Ойласаң, жасың келе ағат сынды.

Денің сау, басың аман, бақ пен тағын,  
Алланаң нұрын себер бағы болсын.  
Артыңдан ерген Рұстем, Алдиярың,  
Көзіңнің қарасы мен ағы болсын.

Дұшпанға намысынды бермей тұғын,  
Ақылдың торға түспес, кең шары бол.  
Қаймықпай дұшпанына ермей тұғын,  
Ерболдың білегінде семсері бол.

Қосағың, Алдияр мен аман болсын,  
Куаныш, Раушанның тірегі бол.  
Артыңдан іні болып тұған саған,  
Рұстемнің қамкор аға жүргегі бол.

Жүргегін, тілегі мен бірге тартар,  
Көп болмас мен сияқты нағашылар.  
Болсандар бірін қорған, бірін дауыл,  
Үрпактың Куан құрған бағы ашылар.

Әрі апаң, әрі женге шынарынды,  
Сыйлап өт Эла сынды құмарынды.  
Өсір сен, білім, өнер алып беріп,  
Матипуда Алдиярдай тұмарынды!

Сен отыз, әкең алпыс, ұлы тойы,  
Жарылғап жалғыз алла десін қабыл.  
Тұрсанда шың қияда, есіне ұста,  
Қасынан гаріп, жесір, өзің табыл!

Алғысын көпшіліктің кетпе басып,  
Болдым деп кейде бірде сырғып тасып.  
Ұмытпа, адалдықты Марат жиен,  
Ағаннан Қаныш сынды кетсөнде асып.

Сыйлап от Ербояныңыз, кетсе де коз,  
Тайдырмас айдын мұздан тағы сыңды.  
Ақыл мен парасатты еткен құрмет,  
Ұмытпа, мен сиякты нағашыңды!

### **Бір мезет қатты ауырғанда**

Қатардан қалып,  
Отырмын налып, бүгінде.

Жұруші едім,  
Күлуші едім, тегінде.

Тән жарасы,  
Сен қарашы, үңілде.

Кім көрмейді,  
Не жүрмейді, көнінде.

Жанға батты,  
Ауру қатты, өтті бірақ.

Сол кездерде,  
Кей ездерд, кетті жырақ.

Балғын торпақ,  
Тұған ұрпақ, кетпеді.

Сенсек сен бір,  
Айтуга тіл жетпеді.

Болып құрақ,  
Жағып шырақ, зыр қақты.

Папашым деп,  
Әллешім деп, үн қатты.

Мұндаі жандар,  
Кіндік кандар, өшпеген.

Әке болмас,  
Ана болмас, кешпеген.

Басыма бақ,  
Астына тақ, бала көр.

Жалғыз алла  
Түзу жолға сала көр.

Алсын қалап,  
Таудай талаң, «торпағым».

Болмас әңгі,  
Өшінес мәңгі үриағым!

\*\*\*

Көңіл суып,  
Ой туып, жалындаған көңіл -ай

Бірде олай,  
Шын солай, қақарланған өмір- ай

Алды, артыңды,  
Не тартынды ойлап қана қойдың ба

Әлде соған,  
Болған «қоғам», тіліне оның тойдың ба?

Жылтыр жүзі,  
Болған кезі талтаңдатпай қоймаған

Қырын қалмай,  
Бөліп алмай, бір күлкіні тоймаған

Еріп соған,  
Болған қорған, айтшы, кәне кім еді?

Жарқабактан,  
Жанасектан, сұрағаның «ін» еді.

Өткен күнің,  
Сенің үнің, бүгін неге шықпады.

Көріп қырын,  
Ішкі сырын, әлде, сорлы үқпады.

Шын адамдар,  
Шын қарамдар, ойла кімді жықлады?

Қорлығы да,  
Зорлығы да білсең естен шықлады.

\*\*\*

Келген жаңың,  
Тамған қаңың, туған жер.

Нұрлы таңың,  
Бірге жаңың, туған ел.

Кеттің алыс,  
Қалды қалыс, сол кезің.

Балғын жастық,  
Көніл мастық, есінде ме әр сөзің

Таудай талап,  
алдың қалап, оқу, өнер шырағың

Қосып қадам,  
Болдың адам, еңбек болды тұрағың.

Болса да ауыр,  
Болды тәуір, сәбегінде, бәрі де.

Көріп санат,  
Көріп қанат, өрлемдің де, үштың да.

Балғын жүзді,  
Қара көзді, сүйдің дағы, күштың да

Болған қандай,  
Атқан таңдай, сол бір кез...

Атқан оқтай,  
Рас жоқтай, өшті тез.

Дүлей қүштей,  
Көрген түстей, көрінді де бәрі де.

Алды тәтті,  
Арты қатты, удай болды зәрі де.

Жассың коңіл,  
ошті өмір, батқан таңдай сарғайып.

Ұлы күшке,  
Откен іске, отырамын таң қалып...

\*\*\*

Ағын суды бұрма теріс,  
Оңға ісің баспайды.

Ешбір жангә, қылма зорлық.  
Болған түбі басқа қорлық.

Шалғын көкті жұлмашы.  
Озіне бәле қылмашы.

Адал жаңға, атар таңға,  
Карсы зорлық қылмашы.

Әділ іске, ұлы күшке,  
Білсең қарсы тұрмашы.

Әлсіз жаңға, адап нанға,  
Қамқор етте, басынды и.

Берген баққа, аста такқа,  
Бол риза, қанағат, аспаңыз.

Болдым, толдым, бәрі деп,  
Ойла құрбы, таспаңыз.

\*\*\*

Қаршыға, бұркіт, лашын,  
Жайар көкке қулашын.  
Ақ, қарасын адамзат,  
Ойла кімнен сұрасын.

Бірде айда, бірде көк,  
Кердең қағып тұрасың.  
Әлсіздерге болып бек,  
Ағын суды бүрасың.

Дұниенің тұтқасын,  
Ұстап бір кез қысасың.  
Ойламайсың бірақ та,  
Қиядан қашан ұшасың.

Теңге, доллар көз құртты,  
Жылжып кірер, қойныңа.  
Артып бірақ кетерсің,  
Көп кінәні мойныңа.

Алтын, күміс, гаухардан,  
«Шахарыңды» қаптадың.  
Нелер сұлу, арудың,  
Ар намысын тантадың.

Тұнде, күнде, өзіндік,  
Деп барлығын қорладың.  
Әлсіз бенен жарлыны,  
Жалмауыздай жалмадың.

Көрген түстей өтерде,  
Шалқып болай болғаның.  
Су түбіне кетерде,  
Доллардан соқкан қорғаның.

Ойла, бірақ кеш болар.  
Ар мен ұждан нәсіпті.  
Арты құрдым су болар,  
Құған жердей қылма кір.

Күн нұрындай өмірді,  
Қадірле де, сүйе біл.  
Ақша қардай көнілді,  
Қара жердей қылма кір.

28.09.2004 ж

### **С-деген азаматқа** (*bір тоіымы болмаян*)

Дұние жатқан тұтқасын,  
Мәңгі кімдер ұстаған.  
Ұстай алмай, мәңгілік,  
Азба жарға ұшпаған?

Қанадай ыстық сол «тұтқа»,  
Коргениң козі тоймаған.  
Жетсе қолым деп арман,  
Ден таларлар қоймаған.

Жеткениң қолы жабысын  
Бірде босап, бір қысын.  
Көбелектей айналар,  
Бірде тоқын, бірде ысын.

Біреу ұзак, біреу аз,  
Үстеган алтын тұтқаны.  
Қақнасын ашын тығам дер,  
Аз болғандай жүтқаны.

Талтаң, талтаң басады,  
Жеткениң қолы тұтқаға.  
Ұмытылар бәріде,  
Жүргені еніп бұтқада...

Күниң козін қатқалар,  
Көлецкесі мендік деп.  
Алдыңда «Дөкей» қалтырапар,  
Осының бәрі сендік деп.

Тұтқаны тартып күржиер,  
Басқадан асып ұшқансон.  
Тұтқа түріл, қақпада,  
Ашылар талай жүтқансон.

Қолда шаршаш ашылар,  
Татмайтұғын күш қайда.  
Желігінде басылар,  
Мәңгі ұстар к-т қайда.

Өмірдің жалған тұтқасы  
Еріп бір кетер мұз екен.  
Ағымдық армен, парасат,  
Қадырлы наң мен тұз екен<sup>7</sup>.

01.02.0 2005 жс.

7 1940 жыл жастайынан үзенгіге аяғын салып, ат жалын тартып мінгеп, Коммунистік партия кезінде белгілі қызметкер, бірақта халыққа деген ешқандай қашқоры болмаган, шайдастын ойлаган адам.

## **Бір азamat «құрдасыма» інілерінен**

Жүрекке бойлан,  
Теренін ойлаң,  
Көрдінбे бұл кезінді.

Нені сезін,  
Кімнен безіп,  
Мезгіштейң кімге созінді.

Ақыл, ойга ептісін,  
Қырқасында жетпістін,  
Бурадай неге шабындын.

Ойландың ба,  
Толғандыңба,  
Қай Құдайға табыңдың.

Өткенді ізіп,  
Ақылдан безіп,  
Не көрінді осы кез.

Кәрі «терек»,  
Кімге керек,  
Ойсыз, мисыз, шайпау саз.

Мұнды емшің,  
Жынды емессің,  
Ботенге кеткен есеп жоқ.

Көзінді шұқын,  
Мандаудаңұқып,  
Көрсетер, өлді, шешен жоқ.

Сатып байдан,  
Алдың қайдан,  
Айтшы қайдан, бұл малды.

Өлді әке,  
Болдың жеке,  
Емдей қараша үтқалды.

Қатып желкең,  
Болдың үйкен бәріне ие болдында.

Келді бақта,  
Берді такта,  
Жетіліп жылдам толында.

Откен күнді,  
Лйттар мінді әліде тірі көздер бар.

Тұқым егіп,  
Бие жегіп,  
Сүйреткен шана іздер бар.

Қол шанаға,  
Деп қалаға әкең жеккен «бие» бар.

Киіп тымақ,  
Тисы тамақ,  
Шана сызған ішке бар.

Қалаға деп,  
Болаға деп,  
Жеткізем деп тамағын.

Жолға кециң,  
Бие мініп,  
Киіп әкең тымағын.

Болсада ауру,  
Болма деп зәру,  
Осылай тамақ тасыған.

Үмытып халды,  
Бақты малды,  
Мінін өзін қалаған.

Жетті колын,  
Болды жолын,  
Жастай қалқын, шықтың сен.

Арқасы әке,  
Ақылды шеше,  
Айтсы нені ұқтың сен?

Жирма астыға келгенше,  
Жаман, жақсы білгенше,  
Бауырында Әке бұқтың сен.

Арқасы жиен,  
Әке, шеңең,  
Дүшпанды әр кез жықтың сен.

Болдың ие,  
Әкең өте,  
Қолда бардың бәрінс.

Жігерде болды,  
Ақылда толды,  
Жететіндей әліне.

Үнімет қолдап,  
Ақшаны малдап,  
Қолдады барлық жастарды.

Сондықтар олар,  
Келер ұлдар елді, менен басқарды.

Соның бірі,  
Болдың ірі  
Сенде олардан қалыспай.

Қоймадың ғой,  
Болмадың ғой,  
Аржагына барыспай....?

Бердің оку, оқыдық,  
Болсада қиын тоқыдық жерқыштамай сені дүшпанға.

Берген манат,  
Едік қанат қуанбадың ұшқанға.

Қайран шеше,  
Білдік аса зорлаган сені, оқыт деп.

Оқытты сені,  
Асырап мені кисе де,  
Әке шоқпыт деп.

Әкеден қалған  
Өзің алған өрбіген малдың негізі.

Жылқы, койды, койғанда,  
Сиыр, ешкі сойғанда,  
Қайда қалды өгізі?

Янырай, бүгін  
Ніскенде егін өкінсің біздерге.

Қуаны жоқ,  
Уану жоқ.

Інге тығып,  
Көзін шұқып неге малға салмадым.

Бірін «қазы»,  
Бірін «тазы» солай қылыш алмадым?

Шашты кетті,  
Түйке жетті болмады деп қайрымы

... Деп зорлайсың,  
Бір коймайсың көрмедім деп пайданы.

Болдың күшті,  
Ұлдар өсті барлық байлық басында.

Қоланды ғой,  
Үлгайды ғой торт құбылау қолында.

Шынымен қалай ұмыттың,  
Әлде бүгін құнықтың тарихты жабуға.

Қартайғанда мұның не,  
Өткенді қозған құңың не,  
әлде басқа табуга.

Откеңінді білетін,  
Дос пен дүшпан құлетін,  
Әліде тірі кездер бар.

Шегін, шегін, ел болса,  
Әліде жеңер күш болса,  
Жүріп өткен іздер бар.

### Қайран «тұлқі»

Жарық құндей жарығын,  
Жеткен ыстық көрінді.  
Ақылды бас, өзиңе,  
Бірден көңіл бөлінді.

Ақыл менен нарасат,  
Тұл бойынан табылған.  
Қандай «қасқыр тұлқі» екен,  
Аш күзендей жабылған?

Сендей жаңғы, ойласаң,  
«Тұлқі қасқыр» теңбе екен.  
Жабуға сені ойлаған,  
Қорғаны оның кеңбі екен?

Ақылмен ойлаң, абайлаң,  
Қакпанды тығын құрсайты.  
Сүлі «тұлқі мен қасқырды»,  
Шынғырып ұстап турсайшы.

Көрсійк сонда олардың,  
Арыстаңдай болғанын.  
Бұзар менен, жыныл екен,  
«Ақылдың» солған қорғанын?

Азу тісін ақсытып,  
Аузын біраз керсеөтші.  
Қалай екен жауыздық,  
Кезіңмен байқап көрсейші.

Құйырығын жұлпы қолыңмен,  
Терісін тұзға берсейші.  
Арыстан мен жолбарыс,  
Қадырын бір кез білсейші.

Ақырсада «Арыстан»,  
Опасыздық етпеген.  
Ку «тұлқінің» ойласы,  
Тұбіне кімнің жетпеген?

Қасқырда ерін тіліне,  
Қакланға түсіп мерт болған.  
Сүлі тұлқінің ыланы,  
Талай жанға дерт болған.

Үстасаң ұстта құйырығын,  
Арыстан мен жолбарыс.  
Далада бірде қалмассың,  
Таппасаңда мал табыс.

Кетсепде ұшып Аспаннан,  
«Арыстаннан» арман жоқ.  
Ұйын кетсең «тұлқіден»,  
Оқіпіш – ақ, амал жоқ.

«Тұлқі» деп көрген зорлығың,  
Сірәде естен кетеме.  
Қанша золым болса да,  
«Арыстанға» жетеме?

Аң патшасы Арыстан,  
Қорғаны ғой андардың.  
Золым «тұлқі» әр қашан,  
Тажалы ғой жандардың.

Шықсадағы шабын жан,  
Алдына «тұлқі» барғызба.  
Қу «тұлқі» деп болған қор,  
Әлде коппе жалғызба?

Неліктен «тұлқі» көбейді,  
Азайтып анның төресі.  
Пайда болды «тұлқіге»,  
Бажа менен бөлесі.

Жиып алып соларды,  
«Тұлқі» мырза сербетте.  
Арқасында солардың,  
«Арыстанды» меретті.

Естіп мұны сол кезде,  
Құлағы «қасқыр» ентетті.  
«Тұлқі» құрған патшалық,  
Тиімді деп сертетті.

Бір күн жүріп күржійін,  
Тапты «тұлқі» мырзасын.  
Кайрлы болсын «тұлқі ене»,  
Келген соң өзім ырзасын.

Пайдасын «тұлқі» жыныды,  
Келгengе «қасқыр» қолпантай.  
«Қасеке» енді дос болдық,  
Жүріңіз енді жат бастай.

Күржін «қасқыр» сілкінді,  
Жинал бойға қайратын.  
Көрсеткендей мақтаның,  
«Тұлқі» екенде айбатын.

Жас етпенен Сарнага,  
Ниетің барма деп.  
«Тұлқі» екеңден сурады,  
Әлде қазы, жалма деп.

«Тұлқі» күліп жымиды,  
Қазы, карта, жал болса.  
Апарсалыш қассеке,  
Тура барап жол болса.

Ау «Қассеке» тартайық,  
Отарына жылқының.  
Сенің де жібір «Қассеке»,  
Кеүін қалса құлқының.

Деп екеуі табынга,  
Кірді жылқы шетінен.  
Сілекейдей су акты,  
Табамыз деп етенен.

Сол кезде мылтық тарыс етіш,  
Ұшты «қасқыр» мертігіп.  
Құйрығын тырып «құ тұлқі»,  
Жатты бұғып синтігін.

Ақырын жымжып көрінбей,  
Тұлқіде кетті алыстан.  
Аңшыларда кеңелді,  
«Қасқырды» сойып қарыштап.

Желе жартып «құ тұлқі»,  
Бәлем қасқыр сол керек.  
Енді өзім басқарам,  
Жер шаһарды шын бөлек.

Өзім ғана, өзім зор,  
Шамасы жетер корсакпа.  
«Бажа, бөле» жүріндер,  
Оны да бөліп алсоқпа?

«Бажа, бөле» бас иіп,  
Сізсіз де, біз шегеміз.  
Арқасында біз, сіздің,  
Армансыз бол өтеміз.

Қарсақ пенен қоянды,  
Бірін қоймай ілеміз.  
Сіз көрсеткен жатменен,  
Тартынбайык жүреміз...

Сүйтіп «бөле бажамен»,  
Ауланға қарсақ жонелді.  
Үстап алып бір – скуі,  
Оздері жең кепелді.

Білмейді мұны «тұлкі» екен,  
Айтқан сөзге кен деді.  
Бөлениң айтқан бұл сөзін,  
«Бажасы» да жөн деді.

Үшеуін тығып «ұрага»,  
Біреун тартты «тұлкіге».  
Бірақ олар тап болды,  
Еңқырланған құлкіге.

«Бажа, бөле», неміне,  
Көбірек неге болмады?  
Деп кана «тұлкі» тұнеріп,  
Олжаға коңлі толмады.

Жарайды деп «тұлкі» екен,  
Екүін бұрынн тығады.  
Алып урап, сілкілеп,  
Тамактан алпы сығады.

Өлтіремін, қазыр мен,  
Онандағы шыныңды айт.  
Өсер шақтың алдында,  
Кешірім сурап мұныңды айт.

Деп «тұлкі» екен салды ойран,  
«Бөле менен бажаға».  
Ыза болып «тұлкі» екен,  
Қалды солды жағаға.

Тамақташ қысын екеуін,  
«Тұлкі» мырза қантарды.  
Апанан шығын жонелді,  
Көтеріп басқа «шатырды».

## Қара торғай

Шырылдан қақты қанат қара торғай,  
Кеткенсоң жұмыртқасын «корсақ», «сталап».  
Кезінде сол «қарсақты» қара торғай,  
Жүруші сді жүргегіне «пана» санац.

Бишара шырылдама, шырылдама,  
Жүгіріп иіне, қамыс пырылдама.  
Айырылған жұмыртқадан, сенбे екенсің,  
Сондықтан жермен кокке зырылдама.

Жіктерін қара жартас қылдың үя,  
Ташас дең, жұмыртқамды аялаған.  
Бұл жертастас, сенен өзге құстарға да,  
Жағасын, қиясымен аямаған.

Шырылдан қақыл қанат қара торғай,  
Келешек әлде алда, білсең мал ғой.  
Қоймасаң сенінді, кеп қорсаққа,  
Есіне ой пана болмас қолын «тоғай».

## Мысық

Арқага қағып сипасан,  
Бұландатар құйрығын.  
Тәптітті сүтпен ет берсөң,  
Орындалар бұйрығын.

Сипай-сипай қақсаныз,  
Тізеден төске жетеді.  
Риза болған «мысекен»,  
Тәптіге ұйқыға кентеді.

Жатып ғажап түс көрді,  
Жас етпенен, сар майды.  
Бұқпай-ақ ұстап жүр екен,  
Талып жатқан торғайды.

Үмтүлам деп жас етке,  
Шошын «мысық» ыршыды.  
Үйқыны ачу, ескен,  
Тізесін, ие – тістеді.

Ашууланып иесі,  
Мысығын тартты басынан.  
Ырылдап «мысық» мол кетті,  
Иесінің қосынан.

Үйқыға көзі кейткенде,  
Алды мысық кенірдек.  
Жан тапсырды «иессі»,  
Асыраған шын болек.

Қайран «мысық» пысықсын,  
Бірап сипау сүйетін.  
Толай «иен» бар шыгар,  
Тамаққа тісің тиетін?

Бұлай болса есті жан,  
Сенігे жыртқын болама?  
«Мысық» болсын, «ит» болсын,  
Жақындағын жолама!

### Сабынды көл

Жиегінде Баянның, Сабынды көл,  
Суың ағар, жайылпы, тасыса сел.  
Кірді жуып, сабынсыз кірін ашып,  
Болада екен, риза орныққан ел.

Суың салқын, молдірсін, түбін терен,  
Сезбегендей еш нәрсе, болып керен.  
Танымайтын жандарға болып сұсты,  
Шыныменен беремейсін рас рең.

Баянаулы жері тас, тал мен арша,  
Болған арман жалпыға рас қанша  
Ақбет тау мен Жасыбай мұнарланып,  
Тұрғанында ғажайып болар сонша.

Ақ қайың, жасыл арша, тал қарағай  
Корінер жұпар исің жас баладай  
Кок орай шалғын құрақ жағалауың  
Карасаң жасыл қызғылт қөз таладай.

## **Кардон**

Жасыл шөп, молдір бұлақ, қылы жартас,  
Кардонды<sup>8</sup> Ел мақтаған көрдім алғаш.  
Ақ қайың, жасыл арша, салалы тал,  
Мөлдіреп таза бұлақ аққан қиғаш.

Шықсаңыз аттап бір кез тау басына,  
Дәрідей әсер етер сау басыңа.  
Ерекше жұпар ііс, таза ауа,  
Ем болған демалатын Ел жасына.

Ортада айдын қорық, Шөкей бұлақ,  
Жағасы гүл жапырақ жасыл құрақ.  
Колі жоқ, Жасыбайдан бар кемдігі,  
Халқына дем алуға болған тұрақ.

Шөкейдің жатушы едік ортасында,  
Сімірін қымыз, стиен сорпасын да.  
Құнінде ақ халаттың мейрамында,  
Жүруші-ек асыр салып жартасында.

## **Үлгі жастары**

Достарым бірге оқыған Қайыр, Серік  
Бұл күнде асты алпыстан болды «сәби».  
Шәкәрім, Жәкітайым, құда Қонан,  
Қырықпай, Магадиым еді Қаби.

Аттарын бәрін жазу болды қыын,  
Жүрушек салып асыр, қызық жиын.  
Оқыған жеткеншектер актап өтті,  
Көтеріп орта мектеп, қызыл туын.

Бірі бар профессор, бірі доктор,  
Аяғы жақсы маман, білсен шектел.  
Үлгінің орта мектеп ұландары,  
Әр жерде жүрсе дагы өскен бір төл.

Сұрасаң әр рудан елі «Үлгі»,  
Сондада үлгі өнеге берген «Үлгі».  
Әсіріп ұлмен қызын, сан тарапқа,  
Оқытып қылып адам көрген «Үлгі».

<sup>8</sup> Бұл Октябрьдің 40 жылдығы атындағы (казіргі Жаяу Мұса) кең шары, Мұрымтал деген болімшесіндегі орналасқан жер жұпары еді.

Оргада екі таудың тұрған «Үлгі»,  
Жақсынға анасыңдай болған «Үлгі».  
Ладамға қадыр білер, елді сыйлар,  
Алдырмас дүшпандарға, қорған «Үлгі».

Бақша бау Қан-аганның тұр емеспе,  
Қарасан көзің тоймас нұр емеспе.  
Жамандар мұндай жерді, мұндай елді,  
Адамның бар өмірі құр емеспе!

Адамдар бұл өмірдің құлы емесніе,  
Бұл жалған отте тұғын ңұлы емесніе.  
Он үште мүшелі жас келген еп соң,  
Жәкенде осы «Үлгінің» ұлы емесніе?

Ішінде көп қаржастың Ата-тегім,  
Рудың таратсанызы «Құлы» болдым.  
Өмірге өзім келген, ризамын,  
Таратсан екі аймактың ұлы болдым.

Ататек, Баянаулы, Керекуден,  
Болінген, тұған жерден «жекелеуден».  
Жылында жиырма тоғыз – «конфискиде»  
Кетіпті осы жақа «топелеуден».

Бір інім өзім менен тудық мұнда,  
Қырық бір, қырық торт жыл санар санда.  
Ата тек, Керекеулік, Баянаулы,  
Екеуміз Сары-Арқалық осы таңда.

Сондықтан екі отаным, екі аймақ қой,  
Жігітке ақтау үшін көп салмақ қой.  
Өмірде екі Отаны болған жігіт,  
Шынымен сүттің беті «бал қаймак» қой.

Білгенге мен осылай көрінемін,  
Екі елге тең ортамнан бөлінемін.  
Сары-Арқа, Сұлу – Баян ортасында,  
Болғансон азаматы шіренемін.

Бітіріп мен окуды болдым дәрігер,  
Еліне Айдаболдың барғам Баян.  
Бақ қонған, дұға қонған, Қыдыр қонған,  
Жер еді Жаяу Мұса болған аян.

Отыз жыл, отті жастық, еттім еңбек,  
Болмады көрі жасқа, менде мендік.  
Салсада алақанға халық мені,  
Кей иттен «Ботен» деген сөзге көндік.

Ит адам, болса да адам, үрер иттей,  
Жүрмейме болсанда ортақ, сені шеттей.  
Халқымның арқасында, емін еркін,  
Иттерді жүрдім әр кез баса көктей!

Отыз жыл тұрдым, елдің ортасында,  
Қазы, жал жедім, іштім сорпасында.  
Халыққа жаман дәрігер, атаңбадым,  
Маңдай тер, алған білім арқасында.

Алысып өмір, ажал ортасында,  
Ем бердім жаңға «демді», салатында.  
Ақтадым елдің берген батасында,  
Есінде көрі, жастың қалатында.

Аты тек туып өскен Баянаулы,  
Өткіздім жастығымды етіп еңбек.  
Кір жуып кескен кіндік Сары-Арқама,  
Мен қайтым, бар болғаннан соң бір күн сонбек.

Жастық шақ откен, Айдос өзен, саласы деп,  
Тотия, далба, жазық даласы деп.  
Отыз жыл стіп, күрмет, аялаған,  
Өмірде Айдаболдың баласы деп.

Осылай қоштастым Жаңатілек,  
Болған соң, өміріме менің ерек.  
Жүргенде отыз жылда бөгде ортада,  
Тек қана, ақыл, білім болды тірек!

Өмірде не көрмейді жазса мандай,  
Жас өмір, нұрын шашқан екен таңдай.  
Білетін ер қадырын, еткен еңбек,  
Баянның Айдаболдай елі қандай?

Бүгінде бала, туыс, тұған жерде,  
Демеймін қалым болар әлде нешік.  
Рухым Жаңатілек, Баян болар,  
Жатсамда Сары – Арқада, бір төмпешік?

15.05.2005

## Зейнежан

Қызы едің Үлгі, Бабай, Семіз – Бұғы,  
Ортада марал сыңды секектеген.  
Неліктен тұған шешең аямады,  
«Ақсаққа» бере салды тікектеген.

Білмеді қайран басым бұл «тұманды»,  
Қыз едің жігіт түгіл, елге ұнамды.  
Жолыма оку, бөгет болсандағы,  
Білгенде үтіші едім ол «құманды».

Қайтейін қалдым қапы, қайран жастық,  
Жүргенде айда көңіл болып мастық.  
Әмірде қандай адам, ойлар бірақ,  
Қыларден, тұған шеше қызға «қастық».

Кеттің ғой ол «Ақсактан» бөгде біреу,  
Болдыма, болмадыма, саған тіреу.  
Ойда жок, көргенімде Баян тауда,  
Жаныма кіргендейін болды селеу.

Құмартаң бір борсыққа сол бір кезде,  
Бок қарыш, бұқа мойны білсең ездс.  
Япыр-ай, сенде, менде, не ойладық,  
Көрмеген келешекті шыққыр «көзде».

Қош есен бұл әмірде кездесеу жок,  
Сырласып бұрынғыдай жүздесеу жок.  
Жас әмір сөнді бүгін шоқ сиякты,  
Сондықтан (ақсақ, борсық) күндесу жок.

Ұмытина, қайран Зейне, құралайым,  
Өзімді енді әмірде көрмей кетсең.  
Озіңе шын риза болар едім,  
Әлерде көз алдына елестесең!

Біздерде енді ешкімнің хақысы жок,  
Мойында еш адамның ақысы жок.  
Ол кезде дің апиың қылған «тұман»,  
Қазырде сені құртқан «бақсысы» жок.

Бірақта қызыл гүлді жұлғанан соң,  
Ағынды теріс карай бұрғанан соң.  
Амал не, қылып арман айтамында,  
Әліде көз алдында тұрғанан соң.

Қош есен күралай көз, ерке марај,  
Жолым жоқ, тұрғанан соң, арада «Арал».  
Өлгенише осы омірден, ерке тотым,  
Уыңа күйіп ішім, күнде жанар!

### **Еске алар жан Аспаным өскен кезде**

Кекпекті келген жерім бугің таңда,  
Демалыс іздеген соң, бойда жанда.  
Бірақта казақ, орыс, неміс, шешен,  
Білеме қадырынды болсаң «ханда».

Дариға не жетеді кең даға,  
Көк орай, аққан бұлақ ең салаға.  
Келгенбіз, таяу, қатар барайық деп  
Қалаға орналыскан, біз балаға.

Баянан көшиі келген бір казақ деп,  
Көп болса зейнеткер қой, әрі кетсе.  
Өзімді көрген көздер, келіп кетер,  
Құндереде бұл Жәкеннің әлі кетсе.

Жұремін аула ішінде мен Арыстан,  
Аумаған ызбары бар шын барыстан.  
Қасқырдай қараң шетке қарай берем,  
Барма деп, «орман, тогай» шын алыстан.

Балалар рас жақын жанымызда  
Оларсыз атар емес таңымызда.  
Қазы, жал, сары қымыз, сар жаяны,  
Ұмытпас Өңеш түтіл, қанымызда.

Көк орай, Қожа-қорық шалғын едін,  
Барғанда 25-те балғын едін.  
Келгенише 55-ке, құрып сайран,  
Дұшпанға көре алмаған айбын едің.

Арқасы білім, талап, айдай едің,  
Жас өмір нұрын шашқан таңдай едің.  
Аршалы сұлу Баян, Жасыбайда,  
Жүрген кез, орны толмас, қандай едің?

Жүргенде ақ халатпен, астымда «так»,  
Кетпеген ұшырсанда, басымнан бақ.  
Шықкан соң, зейнеткерлік демалысқа,  
Келдім мен туған елге, дәл осы шак.

Жасында болып, толып, тұрган кезде,  
Кім ойлар сондай бақыт қайтама дең.  
Кеттім мен қимасамда, сондай елден,  
Кейбір ит «тойған жерде» айтама дең.

Сондықтан қимай-қимай Жәкең кеткен,  
Жас келе бала корған, әрең кеткен.  
Олгенше болмағанға, сол халықпен,  
Бүгінде осы Жәкең арманда өткен.

Дариға өткен өмір, жұмақ болды,  
Бірақта өмір қатал сынақ болды.  
Жүргендер етек смес жағада ойы,  
Лқыры аяғымда «тулақ» болды.

Арман жоқ, көрген көздер аман болса,  
Келгенге ашық есік, заман болса.  
Халықы Жаяу-Мұса еске алама,  
Сол Жәкең шыныменен жаман болса?

Сүйікті халықым, олсемдағы жүрегім бір,  
Барнаца ақша қардай тілегім бір.  
Перініте әмин деген – арманымды,  
Келін қып алған Ботам, бүгінде бір!

Аспанның нағашысы Айдаболдар,  
Жақсыға қамқор Аға, панасты кең.  
Еске алар жан Аспаным, өскен кезде,  
Атаға болғандығын жаға мен жең.

## Ақмарал

Ақмарал едің сұнқар, көргенде мен,  
Ойлаушы ек табылmas дең саған бір тең.  
Яныр-ай, Ел көшкендей болды, сол кез,  
Көргенде бір жаманға, жабысқан жең!

Нұрлы жұзің, ақша бетің,  
Атқан таңың нұры еді.  
Сұнғақ бойың, қыпша белің  
Ак алмастың қыры еді.

Маралым, қыран бүркіт білмедімс,  
Зұылдан қыя-шындан келмедім?  
Әлде бір коп жапалақ қоленкелеп,  
Сұнқарды бір озіңдей көрmedім?

Нұрлы жүзін, кара козін,  
Балдай созін, сондай кезін.  
Қайда-қайда, Ақмарал  
Ойлан-ойлан, шын өзін.

Бір кезде, көрген көзге, болған арман,  
Жалғаннан осы ғана алғаныңба?  
Ақ иық, ақ сұнқарым, ерке Марал,  
Шынымен ителгіде қалғаныңба?

Кызыл гүлің жайнаған,  
Тартып солғың солдыма.  
«Қалағаның» барғаның  
Бір «ителгі» болдыма?

16.02.2005 ж.

## Өмірәлі Қажыбайұлы Қопабаевқа<sup>9</sup>

Жан еken қарапайым, жүзі жылы,  
Көзбенен кім екенін үғатуғын.  
Шыдамды, бір калыпты, кең мінезді,  
Киынға қажымайтын, тозетұғын.

Сөзінде парасаттың орны бөлек,  
Өзіндік ортасынан шықкан ерек.  
Әр сөзі, көз қырымен санақандай,  
Білгенге сезіліп түр неткен зерек.

Қимылы, отырысы, ер тұлғасы,  
Өзіне жарасымды, көрген көзге.  
Сезерсің терең ойды, мол акылды  
Зер салып, бір– екі ауыз келсең сезге.

<sup>9</sup> 2005 жылы Алматы қаласында болған кезімде, Дағындағы Университетке ғарыш оның ректоры, заңғылықтарының докторы, профессор Өмірәлі Қажыбайұлы Қопабаевин жүзлесіп, Димекең атындағы Университеттегі мұражайына кіріп, ағамызды тірі коригенип болды. Галым ініміз Өмірәлі сондай қарапайым, ішкі сыртқы дүниесін кең адам мен Осындай ұлдар, осындай галымдар болса, сліміздің бағы емес не? Мен оның адамгершілік қарапайымдылығына ете риза болып, өзім көзіммен көргенімді, жүргегімнен иншеге сөздеріммен сипаттап өткім келді.

Коргенисе, сөйлескенше, Өмірәлді  
Жұргенмін көп ғалымның бірі екен деп.  
Еңбегін, ғылым жолын, көргенде өзін  
Сезіндім Димаш, Қаныш тірі екен деп.

### Д.А. Қонаевқа

*Ұлы тұлға, қазақ Елін  
бірнеше жыл басқарған  
Д.А. Қонаевтың музейін көріп*

Гасырдан отсе ғасыр, тірлік сонбес,  
Тарих жалғасады, шегі бітпес.  
Толса да алтын, гауһар қазынаға,  
Ғалымның ұлы тұлға орны жетпес.

Тартса да ауыр азап, жолында өмір,  
Қай халық ұмытады ұлын қимас.  
Қазаққа болған пана, құрыш қорған,  
Сен едің ғалым аға, асыл Димаш.

Алысын дүшип аныңмен ішкі, сыртқы,  
Жүрсөң де еттің еңбек елді құшып.  
Қан тамған партияның «қылышынан»,  
Кетпедің кейір кезде аз –ақ ұшып.

Еңбегің тарихта қазақ үшін,  
Ішіне сан ғасырдың мәңгі сыймас.  
Дамытқан ғылым, өнер, баулып кадір,  
Сен едің ұлы тұлға ағам Димаш.

Енбекің күн иұрындай сенің сөнбес,  
Айналып бір тарихта сенен өтпес.  
Қазаққа, ұл мен қызға, туған елге,  
Қамқорың әке болған естен кетпес.

Еліне қамқоры мол, қорған болар,  
Ұл туар бір өзіндей жерге кимас.  
Ұмытпас туған елің еңбегінді,  
Тұтқасы туымыздың ұлы Димаш!

21.01. 2005 ж.

\*\*\*

*Бұхар жырау Қалқаман ұлының басын котеріп,  
Мавзолей салуга ат салысқан және негізгі  
ұйымтастыруушы Шопанай Амірхан – ұлына арнаймын.  
өз атыншат, Ел атынан.*

Ер едің бетке, жүзге қарамайтын,  
Арамды есебі, адам санамайтын.  
Бастық ең, директор ең, білімді едің,  
Еңбегін жұмыскердің қанамайтын.

Лайттаймын тудың Галым, болып дана,  
Бір Құдай бір өзіңе берді сана.  
Орнатқан мавзолейге еңбегін зор,  
Бабаны Бұхар сынды «туған жаңа».

Білмессе, білмей кетсіп еңбегінді,  
Мавзолей күн пұрындай түр емесне?

Ішінде көп Қаржастың, төккен терін,  
Шынымен Шопанайдай Ұл емеспе?

Тірінде, еңбегінде, төккең терін,  
Басқаның пайдасына, кетті «тонша».  
Ойласаң шындық қайда, халық қайда,  
Тірідей ұмытатын, Ерді сонша?

Тұрганда көкті тіреп, бұл мавзолей,  
Ескерер еңбегінді халық болсын.  
Ұрпағы Бұхар баба, Алтынторы,  
Ағамыз жатқан жерің жарық болсын!

20 ақпарат 2005 ж.

## **Кімдер келмес, опа бермес, жалғанға!**

Серме қоңіл, отер өмір білгенге.  
Салып тенбіл, болар жеңіл күлгенге.  
Ұққан адам басар қадам алдына.  
Болса марқау, кетер жалқау артына.

Атар таңды, білер жанды сезерсін.  
Тапшы тының, болсада қыын төзөрсін.  
Биік тұрган, білім қорған алыңыз.  
Асыл құны, игерсөң мұны қалыңыз.

Оймен сана, болар пана ұғыныз.  
Алыш қолға, жақсы жолға шығыныз.  
Етсөң сәбек сонда жеңбек қиынды.  
Текке кетер шашпа бекер тыынды!

Жүрме бекер уақыт өтер қайтпайды.  
Білсөң нақыл әркім ақыл айтпайды.  
Білсөң жерді маңдай терді төксейтші.  
Шығып шынға жетіп мұнға өтсөнші.

Ұқсан ұлым қуып ғылым көрсөнші.  
Оңай емес, егіп жеміс терсөнші.  
Асыл созді ескі көзді ұмытына.  
Сөз тергенге «мол» бергенге құнықпа.

Алшаң басып, жұртан асып шалқайма.  
Еріп куға пісіп «буға» талтайма.  
Орынды іске, салып құшке тартынба.  
Шайпау сездер сұққы көздер артында.

Қолда барың адап арың корғасын.  
Өзіңе сенсен байқа мінсен «жорғасын».  
Үңіл «орға» түспей торға шегініп.  
Артын көрмей шыға келмей тебініп.

Өмір долы ауыр жолы байкасац.  
Болса сенбек ұстап «діңгек» шайқасаң.  
Дүние «бок» сұрауы жок деменіз.  
Білмей басты орынсыз асты жеменіз.

Болмас тұрақ, жанға шырак сөнеміз.  
Қарамай жасқа салса басқа көнеміз.  
Болмас жаман жөнге таман келсөнші.  
Ақ көнілді бұл өмірді білсөнші.

Бірде боран бірде қыран ойласаң.  
Болма керен әрі терең бойласаң.  
Болма балай айткан Абай аптықпа.  
Жетпіске қадам сенісер адам таптықпа.

Адал еңбек қиынды жеңбек көнсөніз.  
Қалар артта елде, жұртта сөнсөніз.  
Алпыс өтті кімдер жетті арманға.  
Кімдер келмес опа бермес жалғанға.

## **Тауға ормален шықтым мен**

Тауға ормален шықтым мен,  
Көрін «борі» бұқтым мен күржиген.  
Бір адамды көрдім мен,  
Кім екенін білдім мен дүрдиген.

Алыстан байқап, басты шайқап,  
Жан-жакты жайнап тұрганын.  
Көңілі тасып, ашып қойын,  
Кердең басып, әрең мойын бүрғанын.

Күбі қарын, өзі қортық,  
Шіренетін қай мыртық ырсиган.  
Әдайме, мә - дейме өзі,  
Ісіп беті, былдыр сөзі, тырсиган.

Бұқа мойын, жуан жоңы,  
Жылтыр беті, жаксы қоны бүлк етпес.  
Дария тасып, қаптаса сел,  
Асып, сасып, көшседе ел селік етпес.

Елдің қамы, әл жағдайы,  
Батпас оған, бар «Құдайы» мыңқ етпес.  
Алсанда тістеп бармағын,  
Қыя алмассың тармағын қыңқ етпес.

Болма әуре, ойлан, тоқта,  
Сұғып нокта, салып басқа зорлаңын.  
Құліп қасың, баттайсын,  
Ұшып тасың, кетер басың қорланып.

Отыр сорлы, болмай мықты,  
Сенерің жоқ, шын нықты төзгендей.  
Тұрғанда ұлық, ойлан, сен ұқ,  
Болғанда нарық, болар нық езгендей!

Бүгін нарық, болмас нәрсе жетпейтін,  
Болған доллар, жері жоқ қой өтпейтін пұл барма.  
Бұрмай басты, кірмей к...тке,  
Тұрып карсы, айттар бетке ұл бар ма?

## **Борсық**

Сорлы борсық, ыңырысып, жылжып әрең,  
Бар дүнне болғандай саған керең.  
Тұла бойды май басып, терің жылтыр,  
Толған кезің екен ғой, өзің ерең!

Көтермейсің басынды, шөпті сорып,  
«Дәрі» шөпті жегенсоң, кеттің толын.  
Бір тынымызың сорасың, қажымастан,  
Кеткенінше жасыл шоп, кеүіп, солын.

Жылтыраған теріммен, майың керек,  
Сондыктанда өзіңе, әркім құмар.  
Адам түгіл, ойласаң, қасқырға да,  
Жұмсақ етің, бал майың, оғанда ұнар.

Бүтінде шын көбейді, жалған борсық,  
Қанжыгада «Дөкейге» болған торсық.  
Ойраны «қасқыр», «тұлқі», «сілеусіннің»,  
Үлкен түгіл, балаға емес таңсық.

## **Көген көздер**

Санасты жоқ, ойы жоқ, болса кеуде,  
Кімді ойлар, күнде тойлар «коржынын».  
Кия шыңға жетемін деп, өтемін деп,  
Шашуда ғой, бар «Дөкейге» мал, жанын.

Бүтін иана, ертең жоқ, сенген «қорған»,  
Ертең күнің не болар, аш көзінді.  
Неге мұнша өзінді, жан басынды,  
Аямайсың, сезбейсің, үқ сөзімді.

Еңбек ет, мандай термен, арың үшін,  
Болатын мәңгі Қорған, жан басынца.  
Барында «тұлқі», «қасқыр», ойнақ солар,  
Бүтінде тегін тосқан су, асынца.

Бергенің, жиған, терген, тының тебен,  
«Дөкейге» ертең үшса құр емеспе?  
Тапқанды сақтай білсен, орынды іске,  
Алдыңда дайын қорған тұр емеспе?

Дүние көздің құрты, қызыл, жасыл,  
Сусылдар қолдан, қолға, пұл емеспе.  
Қадырын адал еңбек, ғылым, өнер,  
Білетін есті туған ұл емеспе?

Сол үшін, әке-шеше, ойдан, қырдан,  
Табам дең, өкітуға, жұмыс істер.  
Қадырын әке-шеше, ойларма екен,  
Бүгінгі жас өспірім көген көздер?

21.02. 2005 ж.

### **Айдын бұлак**

Тасты жарып, сарқырап аққан бұлак,  
Жағалауың жасыл шөп, еді құрак.  
Суың мөлдір шол қанаң, зәм-зәм еді,  
Мал мен жанға, тұруши ең, болып тұрак.

Бұғін көрсем, жан жағың, қоға, селеу,  
Айдын көзің бітелген көң, қоқысқа.  
Осыншама қор қылған, жер байлығын,  
Не болды екен, ойласаң көп «жақсыға».

Тасты жарған, мөлдір су, айдын бұлак,  
Табиғаттың силаған көзі емеспе.  
Лайлаған, таптаған, кек шалғынды,  
Сондай жандар жауыздың өзі емеспе?

### **M-ке**

Кердең, кердең керілген кербез сұлу,  
Келмес саған, біздерге карсы тұру.  
Көбелекше айналып, жұрген бізге,  
Бөліп көңіл, болама мойын бүрү?

Қыпша белін, қолан шашың,  
Қоныр жұз, кара қасың.  
Айтшы сұлу, маған сұлу,  
Неше бүтін сенің жасың?

Кең майдай, қарақат көз, жылы жүзі,  
Аршын төс, қос анары бөлекше еді.  
Ақкудай, айдын көлде, көрген бір кез,  
Ақ бөксе, бұлтынтаған, ерекше еді.

Маржан тісің, мінсіз мұсін,  
Сүнгәк бойың, алма мойын.  
Кімге, кімге, бұйырар,  
Ақтосің, ыстық қойының.

### **Ер жақсының жоқтығы**

Сауысқанның сақтығы,  
Ақша қардың ақтығы.  
Шын қында көріңер,  
Ер жақсының жоқтығы.

Сауысқанның сақтығы,  
Оңайлықпен алғызбас.  
Ақша қардың ақтығы  
Ізді кімге салғызбас.

Ер жақсының жоқтығы,  
Кімге батар, кімге жоқ.  
Ит жамаиниң тоқтығы,  
Бірге майда, бірге «оқ».

Құс аласы Сауысқан,  
Бойға біткен сақтығың.  
Қайран жақсы батады,  
Қысылғанда жоқтығын?

### **Ерке ұлға**

Өзі өскендей жетіліп,  
Кердең, кердең, етеді,  
Айтсан ақыл, өтіліп,  
Лағып теріс кетеді.

Өзім білем сендерсіз,  
Айтпа маған мұныңды.  
Амалың барма, «өлгенін»,  
Білмеген бүтін құныңды?

Мынау-анау, не керек,  
Бас қатырып ұстауға.  
Ақымақ туған жандарды,  
Болмайды екен қыстауга.

Негізі жок білемің,  
Не болар қыны «жолдарда».  
Үнемі болмас жанында,  
Жаны ашыр жандар қолдарда.

Өзім, өзім дегенің,  
Білсең бала сөнгенің.  
Маңдай терсіз жегенің,  
Жетекке басқа көнгенің.

Ойлан бала, қара алға,  
өмір долы, кешпейді.  
Білім, өнер, ер еңбек,  
Мұнсыз торын шешпейді.

Ақыл айтар, әкеніз,  
Білсең мәнгі жүрмейді.  
Көз кеткенсоң, басқа жан,  
Құлағында тұрмейді.

Игер білім, ет еңбек,  
Еңбегің сенің еш болмас.  
Әкенің көзі тұрғанда,  
Кел ақылға, кеш болмас.

Ақыл, төзім, бір болса,  
Шешілмейтін тор болмас.  
Білімді қоссаң онерге,  
Тірлікте басың қор болмас.

..Ақыл, білім, өнерің,  
Өмірде болар қорғаның.  
Етсең еңбек, аянбай,  
Қияда сенің тұрғаның.

Тыңдамасаң ақылды,  
Су түбіне кеткенің.  
Қатарында жануар,  
Болып сенің өткенің.

Серпіл, ойлан, кел ақыл,  
Аяктан сүйеп тұрғызам.  
Кезім тірі тұрғанда,  
Қисығын онға бұргызам!

Келмесең ақыл, өзім деп,  
Амалым барма өзіңе.  
Оқінбе бірақ, жолықсан,  
Омірдің долы кезіне.

27.02.2005 ж.

### Усманова Галина Камалидин қызына

Қарапайым, жайдарлы, кең маңдайлыш<sup>10</sup>,  
Парасатты жан еді Елді ойлаған.  
Откелінде омірдің Ер сүрінсе,  
Басын сүйеп, жазаға бір қимаған!

Бас дәрігер бол, 40 жыл басқарғанда,  
Ренжітіп көрмеген ешбір жанды.  
Ажал менен алысып, өмір үшін,  
Сан өткізген ұйқысыз нелер таңды.

Баянаулы, Кереку, Алматыға,  
Еңбегімен танылған барша жанға.  
Үлес қосын жастардың бақытына,  
Жол сілтеген келешек атар – таңға!

Еңбегі бар, сінірген дәрігер деген,  
Қазақстан халқына мәндай термен.  
Ақыл, сабыр, ар, ұждан, бір бойында,  
Тұрушы еді, парапар бірдей ермен!

Орның толмас бүгініде Баян тауда,  
Ардақтаған өзінді халық үшін.  
Саясат пен білімге көрсөқырлар,  
Кімді жоймас өзіндік «сақтық» үшін.

Ақ халатқа «дақ» салмай еттің еңбек,  
Ел мен Ерді силаумен өттің ерек.  
Баянауыл, Кереку аймағында,  
Ардақты жан өзінің орның бөлек.

10. Өзінде облысы, Баянаулы ауданының Орталық емханасының бүрынғы бас дәрігері, қазіргі кезде өзінде орталық шықкан Қазақ ССР –ның еңбек сінірген дәрітері, 40 жылдай бас дәрігер болып, бірнеше дәрігерлерді, ақ халатты көгершіндерді тәрбиелеп шыгарған Камалидинқызы Усманова Галина – аттандымын.

Қандай ақыл, терең ой тарылмайтын,  
Болсадағы қыныңды шешуші еді.  
Күн нурындай мінезбен жайраң қағыш,  
Ердің құны болса да, кешуші еді.

Ұмытылмас игі – ісің елге деген,  
Ет жүрегің Баянмен бірге деген.  
Есте қалар, еңбегің адап, арлы,  
Әсіресе «жаңылған» ерге деген.

Қара ниет, іші тар, кейбір жандар,  
Ешқашанда жақсыны ұнатпайды.  
Елі түгіл Баянның, ардақты жан,  
Тау мен тасы өзінді ұмытпайды!

Мен тілемін бір сізге ұзак өмір,  
Қартаймайтын ерекше асыл коңіл.  
«Ақ сұнқармен ителгі» тең болғанба?  
Болған жок, сіз кеткен соң елге жеңіл!

### Қаби Қошанов деген құрдасқа әзіл олен

Окуына шофердің,  
Бірге бардық жастықта.  
Болып шофер екеуміз,  
Тасыдық, бастық, «зам-дыда».

Жасынаң Қаби суюші еді,  
Жас ет пенен сорпаны.  
Балдызың бастық алған соң,  
Ішті майды, тортаны.

Сондықтан сен болдың ғой,  
Мал жапуар дәрігері.  
Етте, майда, колда жок,  
Болдым адам дәрігері.

Өмір бізді осылай,  
Жастық шақта дос етті.  
Ойлап тұрсақ бүгінде,  
Алыпстан асып жас кетті.

Әлі де Қаби сорады.  
Жал мен қазы, жаяны.  
Мен жатырмын алып дем,  
Көлеңкелеп саяны.

Жал мен жая Қабидың  
Бір озінен аспайды.  
Сұран маза бермес деп,  
Көн есікті ашпайды.

Қорықпа, Қаби, келе бер,  
Сұрамаймын берші деп.  
Жалғыз ғана сағынам,  
Кешіктірмей келші деп.

27.02. 2005 ж.

\*\*\*

Көп болсам да , мен бүтін  
Баладан өзге көрмедім.  
Қисығына туыстың  
Тірідей кейде өлмедім.

Ағыныпдай толқынның,  
Бірі дауыл, бірі шок.  
Бөлісетін осы кез,  
Ақылмен, сабыр, тұрі жоқ.

Еті барда, бауыр жоқ,  
Сезбегенге, безегенге.  
Өлмесең де өлгенің,  
Өзін өзі езгенге.

Қырқасында сексениң  
Не ойлайсың, айтшы сен  
«Алпыс» «жетпіс» сұрайды,  
Пиғылдан жаман қайтышы сен.

Ортасында туыстың,  
Сауық, сайран күрсайшы.  
Іні, бауыр, немере,  
Қорғаны болып тұрсайшы!

28. 02. 2005 ж.

## Қайыр Хикметов деген досыма

Жастықтың ыстық шағындаі,  
Кеуде соғып дос болдық.  
Неге бүгін ойласақ,  
Көрер, кормес, копи болдык.

Қайран «Ыбыс» сен болек,  
Тұрушы едің достардан.  
Қоспаушы едім өзінді,  
Қатарына «бостардың».

Сен бір түрган «Пол Робсон»,  
Болупы едің жасында.  
Зор дауыспен ән салсан,  
Тұрушы едік қасында.

Жылжып өтті жастық шақ,  
Саған да жоқ, маған да.  
Көрмегенге, білмеске,  
Болмас бүгін бағаңда.

Гапон, Зигзот, Ибассың,<sup>11</sup>  
Астар меді өзіне.  
Ерекше еді достығың,  
Мактамаймын көзіңе.

Естіген соң барып ем  
Кеттепейік деп елдіктен.  
Отыр екен, қайран дос,  
Арыстандай мертіккен.

Өз, өзіме амал не  
Ақылымға сыймадым,  
Қаста балдақ «шөккен нар»  
Көрер көзге қимадым!

Сенімен мен көріп ек,  
Қызығын бұл жалғанның.  
Көтермеске амал не,  
ТАғдырдың басқа салғанын.

<sup>11</sup> Ыбылыс - Қайыр; «Гаптон» - Қырықбай; «Бүкір Ибас»- Қонан;  
«Зигзот» деген- Рымтай деген достар еді.

## **Көкнекті**

Жағаң қоршау, ортаңда өзенің бар,  
Оринықкан ел, әр ұлттан, «өзегі тар».  
Орыс, неміс, көріс, шешен, татар,  
Кешеді екен саудамен бүгінгі хал.

Жан – жаққа, орыс, неміс, кеткен екен,  
бұрында жеміс, алма еккен екен.  
Қазір де бүкіл елде, бір монша жок,  
Қадірін басшысының «корген екен».

Бүгінде оралман көп, орыс аз-ак  
әр жерден көшіп келген сорлы қазақ.  
Жеріне орыс, неміс кетеміз деп  
Үйлерді сатып жатыр қылып мазак.

Әкесі салып берген үй мұліктей  
Қазаққа сатып жатыр, келмес құшің.  
Бере көр, арзан маған деп жүгірген  
Көргенде казактарды аниды ішің.

Қан тамған, кескен кіндік туған слде.  
Не үйің, не құйің жоқ өткенің бе?  
Бар жерде, жылы жерде орыс, неміс  
Сен байқұс, базар қуып кеткенің бе?

28.02. 2005 ж.

## **Ойла бала, кеш емес**

Жасың келе, коп ауру,  
Қажытар құрыш дененді.  
Қызы жақсы ма, ұл қалай,  
Іздерсің рас демеуді.

Дұрысты айтсан, шыдамай,  
Жақтыра ма ұл, келін.  
Аз да болса, мал басың,  
Еді гой, маңдай шын терің.

Жиып терген мал бастың,  
Шашылмасын қалайсың.  
Көрі, жасқа күн көріс,  
Алдағы күнге қарайсың.

Сол қадірді жалқау ұл,  
Жаныңды жер, біле ме?  
Өмірдыш нақыл, ақылын,  
Бүгінде құлақ іле ме?

Аз ба, көп пе бұл ғұмыр,  
Түрінен ауру сезіндік.  
Ойла бала, кеш емес,  
Шашпа үлесіті өзіндік.

01.03. 2005 ж.

\*\*\*

Кім білер, алдағыны, келер күнді,  
Кәрілік тартып ауру берген сайын.  
Өткен соң наизагайай жастық өмір,  
Бұл күнде не боларды айтуды киын.

Білсең де, білмессөң де, өмір ыстық,  
Бірақ та мұз боп қатар, бір сөнгеги соң.  
Ажалға жақсы, жаман иген басын,  
Тағдырдың жазғанына көнгеннен соң.

## Көл Жасыбай

Исің жұпар, таза ауа, сұың салқын  
Арша, қайын, қоршаған тал, қарағай.  
Биік, биік, таулардың ортасында  
Көл Жасыбай жатады «жас баладай».

Сұың мөлдір, исің бал  
Күәсі ғой, арша, тал.  
Ашу қысса, толқисың  
Бөлек, болек, бейне жал.

Көл Жасыбай ауаң ем, өзің дәрі  
Шын құмартар келуге жас пен кәрі.  
Асуыннан асқанда, керіп кеуде  
Ер Жасыбай көрінер, сенен әрі.

Тасқында көміліп  
Құлаш ұрып, жүзген кез.  
Жастық ғұмыр, ойласам  
Отті кетті қалай тез.

11.03. 2005 ж.

\*\*\*

Жастық шақта ойласан, қадірін өмір білдік пе?  
Үлкенің айтқан ақылын, құлаққа кейде ілдік пе?  
Алпыстан асқан кезенде, ойға түсіп сол бір кез  
Көрі корсек несі деп, етіп мазақ құлдік пе?

Неткен ыстық жастық шақ,  
Жалындаған, сөнбеген.  
Өтті, кетті амал не?  
Адам бар ма көнбеген?

Алпыс асу, жетініс мүң сексен қайғы,  
Кормей отнес, жазғанын маңдайдағы.  
Қайран өмір, сен бір нұр, болған арман,  
Тайса нұрың, ой басар қай қайдағы!

Откір қылыш жастығым,  
Онды, солды сермеген.  
Қадырын өмір білеме  
Белесін асып кормеген.

11.03. 2005 ж.

### P – ке

Қара көз, кең мандайлы, нұрлы жүзді  
Қалқа еді, тал шыбықтай солқылдаған.  
Ұмыттың әлде нешік, ойла бізді  
Алдында тартып жүрек былқылдаған.

Неткен нәзік жан едің,  
Алма мойын, аршын төс.  
Махаббат шырын сормаған,  
Айнымайтын едік дос.

Кең кеуде, қос анарың бейне өркеш  
Тигенде денем еріп кететіндей.  
Бұйырдың әлде кімгс қайран еркеш  
әлде күн, әлде түн боп өтетіндей.

Көз алдында айлы тұн,  
Аршын төсің, бал тілің.  
Ұмыталмас, мен түгіл  
Ардақтаған өз елің.

11.03. 2005 ж.

## **Немерем Аспандиярға**

«Ата, Ата» - деген сөз,  
Құлағыма үнайды.  
Тоғыз айлық Аспанды,  
Ойла, кімдер сыйайды?

Иті менс мұсығын,  
Көрсे Аспан қуанар.  
Барсик, Мияу<sup>12</sup> десеніз,  
Жыласа да қуанар.

Салсаң тербеп бесікке,  
Созып колын керілген.  
Олди-әлди десеніз,  
Тәтті үйқыға берілген.

Тоғыз айлық Аспанда,  
Қызыл иек, тісі жоқ.  
Ботам<sup>13</sup> болса болғаны,  
Басқа жанда ісі жоқ.

Неткен ыстық немере,  
Айтқан қазақ дана ғой.  
«Шүмелі» бар болған соң,  
Келешекте пана ғой.

Кейде әкесі сүйеді,  
Жапырағым менің деп.  
Көңілге келер демейді,  
Әке, жаным сенің деп.

Аспаным өсіп ер жетсе,  
Жапырағым емес пе?  
Кешегі өткен Жәкеннің,  
Немересі демес пе?

## **Қайран Кенже**

Сом теректей бүгінде  
Ағаң солып барады.  
Жетпіс жеті жасында  
Шын өкпелеп қалады.

<sup>12</sup> «Барсик» – штінің аты; «Мияу» – мұсылытың аты.

<sup>13</sup> Ботагоз анасы

Қайран Кенже ойланып,  
Барып бірер қайтсаңшы.  
Бұл өмірде қол тимес,  
Оз аузыңдан айтсаңшы.

«Қарлы боран» болса да,  
Етек емес, жағаң ғой.  
Жаман, жақсы болса да,  
Бірге туған ағаң ғой.

«Айдын мұздан» жастықта,  
Тайдырмаған тағаң ғой.  
Жаман, жақсы болса да,  
Бірге туған ағаң ғой.

Бүгінгі күн, жан Кенже,  
Артық бізден бағаң ғой.  
Енді кімге айтамын,  
Бірге туған ағаң ғой.

Алпыс төртке жас кетті,  
Ет жүректі ой тілер.  
Менде гүлдеп түрғам жок,  
Інім едің жөн білер.

Көзі ашық еді ғой,  
Көкіректе санаңның.  
Сен бармасаң, жабығар,  
Аруағы Анаңның.

\*\*\*

Гүл жазира, көк майса,  
Мамыр айы қандайсын.  
Ұл менен қыз оқыған,  
Есік емес, мандаісың.

Гүл жазира, көк майса,  
Мамыр айы келгенде.  
Жан- жануар қуанар,  
Секірген телін көргенде.

Мен куанам баладай,  
Алпыс төртке келгенде.  
Өнер, ғылым игерген,  
Ұл мен қызды көргенде.

Санаасы бар, ойы бар,  
Онсер, ғылым таба алған.  
Ұлменен қыз, елінің,  
Шам шырағы жағылған.

## Мыржық

Котыр ешкі сүйкеніп,  
Кез келген жерге қасынар.  
Ит наданға нан бітсе,  
Ер жақсыны басынар.

Күнделікке мәз болып,  
«Дөкейне» асылар.  
Ұшып «дөкей» кетсе бір,  
Су сепкендей басылар.

Арман ойы, долларда,  
Тұрап әр кез жүргенде.  
Жан дәрмені қалмайды,  
Есіктен «дөкей» кіргенде.

Етігін шешіп, иіп бас,  
Киімін өзі шешеді.  
Конъяк құйып «докейге»,  
Мақтап, есіп, бөседі.

Қызып «дөкей» сен дейді,  
Фирмамды басқар сенемін.  
Сендей «замдар» тұрғанда,  
Қындықты женемін.

Құп, басеке, мен сендік,  
Басқарамын, шаштаймын.  
Өзіңнен басқа бір жанға,  
«Секретті» ашпаймын.

Келер күні «фирмада»,  
Шіреніп Мыржық отырды.  
Осылай Мыржық бір күнде,  
Басқарып «фирма» құтырды.

Телефон шалып әр жерге,  
Танысты да бұйырды.  
Жинап алыш, ызбармен,  
Жөнге салды «үйірді».

Зыр жүгірді бәрі де,  
Мыржекеңің алдында.  
Жаңартып белме іштерін,  
Жайнатты тұрган залды да.

Есікке Мыржық жаздырды,  
Тыртықбаев Мыржық деп.  
Көмекшісін фирманиң,  
Білсін мені халық деп.

Осылай Мыржық бастады,  
Жұмысын істеп, тексеріп.  
Арасында кейде бір,  
Өз құлқынын ескеріп.

Мынаны ал, мынаған,  
Аудар доллар бұлжытпа.  
Басқа жаңға бір тиын,  
Артық беріп жылжытпа.

Осыдай оңға, солға да,  
Мыржық айты бітті де.  
Талай «доллар» қалтага,  
Мыржекеңің кетті де.

Бір күні Салық тексеру,  
Келе жатыр дегенді.  
Естіп Мыржық түнерді,  
Есіне алыш жегенді.

Шақырып алыш «кассирді»,  
Дайында доллар мындарын.  
Мен көрейін бұлардын,  
Алдында доллар шындарын.

«Құп келіпсіз, қонактар»,  
Әуелі дәмді татайық.  
Сонан кейін барлығын,  
Коре – коре жатайық.

Асатып жал мен жаяны,  
Котеріп және конъякты.  
Қонактар да риза,  
Қайдан білсін «манъякты».

Ал жүріңдер болмеге,  
Тексеретін, көретін.  
Әлде басқа қалайсыз,  
Бөлмеге көніл бөлстін.

Жайып салды алдына,  
Бума- бума қағазды.  
Маң- маң басып, өзі жүр,  
Дегендей мендей «маңғазды».

Иек қағып кассирге,  
Тагы конъяк алғызды.  
Жал мен жая, колбаса,  
Есікке кілтті салғызды.

Кассирге сөзді берейік,  
Сыйлы біздің «қонақтар».  
Сіз бен бізді бұл кісі,  
«Жеме- жемде комақтар».

Сөз сөйлетіп кассирге,  
Өзі конъяк алғызды.  
Қалтасына әркімнің,  
Басып доллар салғызды.

Риза болған «қонақтар»,  
Қайтеміз қазып барлығын.  
Қол қояқ печатпен,  
Дұрыс деп салық жарлығын.

Осылай Мыржық шығарды,  
«Қонақты» келген өзіне.  
«Қонақ та» кетті риза,  
Долларды толы сезіне.

Кетісімен салық тексеру,  
«Дөкейге» жағдай бес деді.  
«Дөкей» де қуанып,  
Қайырлы болсын дос деді.

Мұнан кейін Мыржекен,  
Кассирмен бөлді барлығын.  
Кітапшага тіркетті,  
Жазғанын салық жарлығын.

Күндер отті, жыл өтті,  
Фирмаңың күпі ол бітті.  
Аурумың деп Мыржекен,  
Кавказ асып ол кетті.

Келіп «докей» тексеріп,  
Бармағын тістеп сан соқты.  
Жатты Мыржық «ойнақтап»,  
Қорқама «трос» ол мықты.

Мыржыққа сенген «Докейің»,  
Таратып фирма ол кетті.  
Мындаған доллар басып ап,  
Кассиріде мол кетті.

12.03.2005 ж.

\*\*\*

Жасымда ғылым барын шын білмедім,  
Ауылда аз оку ғой, көп көрмедім.  
Өмірін адамзаттың қоргаймын деп,  
Олеңге өз қолымды кеш сермедім.

\*\*\*

Бойға біткен талантты,  
Қос санаңа көп болмас.  
Оку, өнер, ғылымды,  
Сүйе білші кеш болмас.

Ақыл, сабыр, терең ой,  
Жамандықпен дос болмас.  
Еңбек етсөн ерінбей,  
Өмірде орның бос болмас.

Шығам деп тырыс қияға,  
Етекте бірақ қалмассың.  
Өзінді өзін игерсөн,  
Ешкімге салмақ салмассың.

Жасында оқы, болмас кеш,  
Игерсөң өнер, ғылымды.  
Ата- ана айтардай,  
Көрші менің ұлымды.

Адал сиңбек, шыныңғылым,  
Шыңарар сүйрепиң кияға.  
Болсаң ұлық шалқайма,  
Қарайлас шыққан «ұяға».

Қонса бақ пен аста тақ,  
Аспа, саспа, шалқайма.  
Арамдардан болыш сақ,  
Иіп басты талтайма.

Ұста бақты бармақтай,  
Үркітпе байқа, айрылма.  
Негізсіз алтын, гауһарға,  
Ақылыш болса қайырылма.

Өзгеден өзім астым деп,  
соғып кеуде, шіренбе.  
Сенен басқа өзгө адам,  
Олда сезер керең бе?

Бүгін ұлде- бүлде деп,  
Кигенді бүрын лақтырма.  
Болса да жаман туғаның,  
Дүшишаныңа қактырма.

Өтер күндер, жылдар да,  
Сақта арынды бойдағы.  
Өзіңмен бірге әкетпе,  
Адалдыңты ойдағы.

Сілте дұрыс жолынды,  
Арттағы жас түлеккө.  
Салма жара, күн үшін,  
Адал арлы жүреккө.

Тая басса, ер жақсы,  
Сүйе басын, аяғын.  
Кәрі болса енкейіп,  
Алып бер жерден таяғын.

Болса да жас, ақылды,  
Біл қадірін, сыйлағын.  
Білімді қуған ұл –қызды,  
Білмесен де қимағын.

Шын жақсыны күн үшін,  
Жаманға еріп, қорлама.  
Негізі надаң адамды,  
Үйретем деп зорлама.

Ақымақ туған ұл, қызға,  
Айтып ақыл талпынба.  
Болмас іске қабынып,  
Ісіп, кеүіп алқынба.

Бұрынғы кедей, қазір бай,  
Сұрама тиши қысылсан.  
Кім екенін сезерсің,  
Омірді көріп ысылсан.

Әкең менен анаңды,  
Ардақтай біл, сыйлай біл.  
Келін «өзге» туысқан,  
«Шымшымасын» ойла бір.

Адалдықты, шындықты,  
Болсан адам, қорғай біл.  
Ар, намысты сөкпесін,  
Сүйрәндеген қызыл тіл.

Апа, бауыр, қарындаст,  
Бауыр етін, қабырған.  
Қын қыстау күндерде,  
Оз жанынан табылған.

Аған, әкен қорғанын,  
Далада сені қалдырмас.  
«Тосып кеуде» сен үшін,  
«Жау оғына» алдырмас.

Күлкісінде арамның ,  
Жатар терең амалы.  
Шыдамаған құлаған,  
Омірдің талай «қамалы».

Мандай терсіз табылған,  
Ақыдан әр кез, сақтаншы.  
Еңбегіңмен ерінбей,  
Адал наиды тапсаңшы.

Ұл менен қыз ақылды,  
Ойлан-дагы ет еңбек.  
Өмір долы, от иен шок,  
Емес оңай, ол конбек.

13.03.2005 ж.

### Кей ақындарға

Жел мен суда, жапырак,  
Сейлекен кейбір ақында.  
Абайдың сөзі түр әлі,  
Ой мен мида ақылда.

Маңызы жоқ, мәні жоқ,  
Шұбырған шумақ сөздері  
Тауда, таста – маҳаббат,  
Не ойлайды өздері.

Құлағына ғашықтың,  
Сыбырлаған ыстық жел.  
Ыстық жел ме, жігіт пе,  
Әй ақынның шыңға кел.

Сүйген жүрек, ет жүрек,  
Тау мен тасқа теңеме.  
Жүректен жарып шықпаса,  
Мұнына ғашық сене ме.

Қадірін біл әр сөздің,  
Арнасан ғашық жарыңа.  
Ұмытсаң оқы Абайды,  
Түсірмей таңба арыңа.

Ой мен ақыл, жүргегің,  
Қорғаны асыл сөздердің.  
Бір сөзінде, бір Ғұмыр,  
Бұрынғы өткен көздердің.

## **Тұрымтай апама**

Сағынамын кейде мен,  
Апамды туған өзіммен.  
Жастық өтіп, жас келе,  
Ойланасың сезіммен.

Құшакқа құшақ бір төсек,  
Аймалап жатқан кездерде.  
Балалық өтті, жас келді,  
Ұмытылды айтқан сөздерде.

Жас кезінде «бауырым»,  
Деген сөзің есімде.  
Асық ойнап, доп қуган,  
Сенінде болар есінде.

Көз кеткен соң, бұл қалай,  
Суындық на, әлде жоқ.  
Сенде, менде бүгінде,  
Сөнер, сонбес әлде шоқ.

Мен бауырда, сен қансың,  
Жылытар дene, мүшемді.  
Сені көрсем, алашым,  
Көргендеймін шешемді.

Сенің жолың, жан апам,  
Бөлек еді, өзге еді.  
Ортасында жеті ұлдың,  
Расымен ізгі еді.

Аға болса, білесің,  
Иілмейтін терекше.  
Жылытып бір кетсеңші,  
Бауырынды ерекше.

Алпыс төртке келгенде,  
Ойла кімге жагынам.  
Расым сол, жан туыс,  
Кейде, бірде сағынам.

## Өзіме

Зырылдан отті жастығым,  
Бүгінгі күні қайтастай.  
Талай – талай сыр қалды.  
Бәрін сыртқа айтастай.

Көрдім өмір таңдарын,  
Шашқан пұрын, сөулесін.  
Көрдім өмір жандарын,  
«Алшы менен тайкесін».

Әткіздім көрдім «жұмақты»,  
Жалғаниның келмей бетіне.  
Бірақ арман сол болды,  
Іліктім ғылым шетіне.

Оргасы емес, бағы емес,  
Бара алмадым жетпедім.  
Арманым жалғыз өмірде,  
Сузындал ғылым өтпедім.

«Суық дауыл, жел болды»,  
Бет қаратпас ызғары.  
Адамдарға кез болдым,  
Батардай жанға «ызғары».

Арак, шарап, сұлулар,  
Болды қолда, жасырман.  
